2019 жылдың 1 қыркүйек күні «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде Білім беру күніне байланысты салтанатты шара өтті. Шараға ғылыми-білім кешенінің профессорлық – оқытушылар құрамы, шақырулы қонақтар, білім беру саласының ардагерлері және студенттер қатысты. Салтанатты шарада «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы А.С.Әйтімов құттықтау сөз сөйледі. Шарадан соң барлық кураторлар өз топтарында кураторлық сағаттар өткізіп, студенттерді «Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен» таныстырды.

https://www.instagram.com/p/B15wM8-FXV2/?utm_source=ig_web_copy_link

6 қыркүйек Жастар жылы аясында және денсаулық күні қарсаңында "КАЗИИТУ" ғылыми-білім кешені, жылдағы дәстүр бойынша "Дені саудың-жаны сау" атты денсаулық фестивалін өткізді. Фестиваль барысында «Көңілді мәре», «Футбол», «Ұлттық ойындар», «Арқан тарту» сияқты сайыстар ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/B15wM8-FXV2/?utm_source=ig_web_copy_link

13 қыркүйегінде БҚО Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Орал студенттерінің Альянсы» корпоративтік қоры «Ақжайық волонтерлері» волонтерлік корпусының қатарына қабылдау жоспарына сәйкес колледж студенттерімен кездесу ұйымдастырып, ерікті студенттерді волонтерлік қатарға қабылдады.

https://www.instagram.com/p/B2gm394FbPh/?utm_source=ig_web_copy_link

Қала күніне орай ұйымдастырылған «Инновациялық жетістіктер» көрмесінде колледж студенттері үздіктер қатарынан табылып, өз жобаларын көрмеге шығарды. Облыстың белгілі ғалымдары мен қоғам қайраткерлері жобаларды жоғары бағалады.

https://www.instagram.com/p/B2GU_6nlNPw/?utm_source=ig_web_copy_link

18 қыркүйекте жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, полиция капитаны Қ.М.Мухамбетяров 1-4 курс студенттерімен кездесіп, құқықбұзушылықтың алдын-алу шаралары және сыбайлас жемқорлықты болдырмау туралы дәріс оқыды.

20 қыркүйек Тілдер күніне орай дәстүрлі түрде фестиваль өтті. Колледж ұжымы татар халқының салт-дәстүрін, ұлттық тамағын, биін абыроймен халыққа таныстырып жоғары шығармашылық, актерлік шеберліктерін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/B2pFKjNFJkq/?utm_source=ig_web_copy_link

23 қыркүйек күні АТТ мүшесі, Орал қаласының ақпараттық талдау және жастармен жұмыс жөніндегі орталық маманы Ә.Раманкулов студенттермен кездесіп, діни экстремизм және терроризмнің алдын – алу бағытындағы ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

26 қыркүйекте колледждің өзін-өзі басқару ұйымының студенттері Білім Басқармасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Бастыс Қазақстан облысы бойынша басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу ісіндегі ҚР Бас прокуратурасының цифрлық жобаларының рөлі» тақырыбындағы ашық есік күніне қатысып, жаңа цифрлық жобалармен танысты.

Мемлекеттік рәміздер - халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Осы орайда Мемлекеттік туды насихаттау және қазақстандық жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында 2019 жылдың қазан айында өткен «Менің туым – менің Отаным» республикалық акциясына колледж студенттері де өз үлестерін қосып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/B388fZslAS8/?utm_source=ig_web_copy_link

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігімен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтауға және нығайтуға бағытталған жұмыстарды қарқынды жүргізу мақсатында колледж ұжымы, студенттері мен

ата-аналары «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы А.С.Әйтімөвпен кездесті. Шара барысында Ақсерік Сарыұлы республика, облыс көлемінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар туралы айтып өтті.

11-12 қазан күндері колледждің өзін-өзі басқару ұйымының студенттері БҚО әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық ортылығы «Enactus Kazakhstan» халықаралық ұйымымен бірлесіп ұйымдастырған «Жастар бизнес» форумына қатысты.

https://www.instagram.com/p/B3TZE77lr7v/?utm_source=ig_web_copy_link

14 қазанда Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі қабырғасында «КазИИТУ» ғылыми білім кешенінің профессорлық – оқытушылар құрамымен бірге діни ахуал, діни экстремизмнің алдын алу мақсатындағы дөңгелек үстел өткізілді.

25 қазан күні «Аманат – Жайық» ҚҚ мамандары колледж студенттерімен кездесті. Кездесуге М.Өтемісов атындағы БҚМУ тарих ғылымының кандидаты С.М.Гиззатов және «Харакет» қайырымдылық қорының БҚО бойынша өкілі Д.Мендешов келді. Кездесу барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

31 қазан күні колледждің студенттік өзін-өзі басқару ұйымының төрайымы М.Султангереева және колледж белсенділері студенттер мен студенттік ұйымдар арасында тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру, студенттік ұйымдардың жұмысын жетілдіру мақсатында БҚО жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өткен «STUDUNION» студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары кеңесінің форумына қатысып, өз пікірлерін білдіріп қайтты.

9 қараша күні Жастар жылы аясында колледждің авто мектебінің ұйымдастыруымен «Ел болашағы – жастар!» атты АВТОПАТИ ұйымдастырылды. Студенттердің бойында патриоттық сезім қалыптастыру, жолда жүру ережелерін сақтауға үйрету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жолда жүру мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткен шараға колледж оқытушылары мен студенттері қатысып, авто мектептің машиналарын айдап, өз біліктіліктерін шыңдады.

29 қараша күні еліміздің айтулы мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай мерекелік шара өтті. Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі саяси рөлі, жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу және қоғамдық – саяси белсенділікті насихаттау мақсатында өткен шарада «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің ректоры сөз сөйлеп, кешеннің профессорлық – оқытушылар құрамын және студенттерді мекемемен құттықтады. Елбасының өмір жолын толық баяндайтын бейнероликтер көрсетіліп, Қазақстанның дамуындағы Елбасының рөлі туралы баяндамалар тыңдалып, өлеңдер оқылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні қарсаңында және Жастар жылы аясында 6 желтоқсан күні «Жастар – қоғамның жарқын болашағы» атты облыстық фестиваль колледжде өз жалғасын тапты. Жастарға қолдау көрсету, өнерге баулу, білім алуына ықпал ету, талантты жастарды анықтау мақсатында өткен фестивальда колледж студенттері өз өнерлерін жан-жақты көрсетті. Туған жер, Отанға деген сүйіспеншілікті, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін, әдебиетін дәріптеуді көздеген шара барысында студенттер ән айтып, би биледі, күмбірлетіп күй ойнады және қазақ арыстарының өлеңдерін нақышына келтіріп орындап берді.

Желтоқсан айында колледждің 1-4 курс студенттері арасында «Біздің таңдауымыз бейбітшілік!» атты қабырға газеттерінің байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан топтардың ішінен «Менеджмент» мамандығының Г-612 тобы бірінші орынға ие болды. Екінші және үшінші орындарды «Есеп және аудит» мамандығының Г-311 тобы және «Қаржы» мамандығының Г-212 тобы бөлісті.

16 желтоқсан – ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Еліміздің ең басты мерекелерінің бірі – Тәуелсіздік күнін «КазИИТУ» ғылыми-білім кешені де жоғары дәрежеде атап өтті. Салтанатты шараны құттықтау сөзімен бастаған «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы, профессор

Ақсерік Сарыұлы тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткен табыстарға тоқталып, профессорлық-оқытушылар құрамын мерекемен құттықтады. Мереке кешен өнерпаздары дайындаған мерекелік концертке ұласты.

https://www.instagram.com/p/B5-dTmnFSCC/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B6INJm-l2JZ/?utm_source=ig_web_copy_link

2020 жылдың 4 ақпан күні «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығын бітіруші түлектер БҚО бойынша Қорғаныс істері басқармасының мамандарымен кездесіп, еліміздің қорғаныс салалары мен әскери борыш туралы мәлімет алды.

25 ақпанында Батыс Қазақстан индустриалды колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында өткен «Құқық бұзушылықтың алдын алу және девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен жүргізлетін психологиялық қызмет ерекшеліктері» тақырыбындағы облыстық семинар-коучингке колледждің тәрбие жұмысының ұйымдастырушысы З.М.Кентугаева және психолог Э.М.Гайсина қатысты.

Биыл Ұлы Жеңістің 75 жылдығы елімізде кең көлемде аталып өтуде. Осы орайда, студенттердің Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру, оларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерліктерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту мақсатында 5 ақпан күні колледждің «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенттері Кеңес одағының батыры М.Маметова мұражайына экскурсия жасады. Мұражайда студенттер М.Маметованың өмірі туралы тың деректермен танысты

https://www.instagram.com/p/B8LseHbFsxn/?utm_source=ig_web_copy_link.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандық жауынгерлердің Ұлы ерліктеріне тағзым етіп, құрмет көрсету және олардың ескерткіштеріне гүл қою мақсатында өткізілген облыстық «Біз Жеңіс – мұрагерлеріміз!» акциясы аясында колледж студенттері Кеңес Одағының батыры, маршал Г.К.Жуковтың ерлігіне тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

15 сәуір – 5 мамыр күндері Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!» атты онлайн өлеңдер байқауы колледждің инстаграмм әлеуметтік желісі арқылы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/B78R8HNlhGv/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B8FzXRLFrre/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылы 1 қыркүйегінде «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешені профессорлық – оқытушылар құрамы және студенттерінің қатысуымен Білім беру күніне арналған салтанатты шара онлайн өткізілді. Салтанатты шарада «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы А.С.Әйтімов оқытушылар мен студенттерді білім күнімен құттықтау сөз сөйлеп, шара мерекелік концертке ұласты. Шарадан кейін барлық кураторлар Smart NATION жүйесінде ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік тұғырымыз» тақырыбында кураторлық сағат өткізіп, студенттерді «Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен» таныстырды.

https://www.instagram.com/p/CEICMTUI3rh/?utm_source=ig_web_copy_link

Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың пайда болу себептері мен мәселелерін шешу, студенттермен профилактикалық жұмыс жүргізу, олардың санасына салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру арқылы жасөспірімдердің жүріс тұрысында ауытқу қаупінің туындау себептерін жою мақсатында участкелік инспектор, полиция капитаны Қ.М.Мухамбетяров колледж студенттеріне қазан айында «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» атты дәріс өткізді және ақпан айында жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қашықтықтан оқыту кезінде Smart Nation.kz, Класс Рум, ZOOM оқыту бағдарламалары және whatsapp желісі арқылы топ кураторлары студенттерді күнделікті тексеріп, тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес әр апта кураторлық сағаттар өткізді.

Кураторлық сағаттар құқық бұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және діни экстремизмнің алдын алу бағыттарында өткізілді.

2020 жылдың 1 қыркүйегінде онлайн түрде «КазИИТУ Life» инстаграм парақшасында «КазИИТУ» ғылыми-білім кешені профессорлық – оқытушылар құрамы және студенттерінің қатысуымен Білім беру күніне арналған салтанатты шара өтті. Шарадан кейін барлық кураторлар Смарт NATION жүйесінде ҚР Конституциясының 25 жылдығына және «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыптарында адалдық сағаттарын өткізіп, студенттерді «Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен» таныстырды.

Колледж қыркүйек айында жастар арасында патриотизмді қалыптастыру, еріктілер жұмысын нығайту мақсатында «Қазақстан еріктілер лигасымен» меморандумға отырып, бірлесіп жұмыс атқарды.

https://www.instagram.com/p/CEICMTUI3rh/?utm_source=ig_web_copy_link

2020-2021 оқу жылының 11 қазанында колледждің №12 ішкі бұйрығы негізінде «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі құрылып, құрамына 40 білім алушы студент қабылданып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді.

«Саналы ұрпақ» клубының басты мақсаттары мен міндеттері:

1) Әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлықты бар теориялық әзірлемелердің заңнамалардың негізінде кешендік зерттеу;

2) Сыбайлас жемқорлықтың мониторингі;

3) Қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты алдын алуға жұмыстарын жүргізу;

4) Сыбайлас жемқорлықтың кең таралуына орай әкелетін жағымсыз салдарына қоғамның назарын аудару;

5) Студенттік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

6) Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын зерттеу аясында студенттердің құзыреттіліктер мен қабілеттерін қалыптастыру;

7) Сыбайлас жемқорлықтың жағдайларға тап болған студенттерге және қызметкерлерге құқықтық көмек көрсету;

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтары бойынша құқық қорғау органдары мен өзара әрекеттесу;

Колледжде «Саналы ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар жүйесін сақтауға және нығайтуға бағытталған жұмыстар атқарылуда. Осы бағытта республика бойынша ай сайын «Адалдық сағаты» акциялары ұйымдастырылуда. Акция аясында студенттерге «Ахмет Байтұрсынұлы – адамдық пен білім диқаншысы», «Бекарыс Шойбековпен сұхбат», «Ар-намысты арқалаған рухты батыр Бауыржан», «Ардақ Назаровпен адалдық сағаты», «Ренат Бектуровпен адалдық сағаты», «Әл-Фараби және қайырымды қоғам», «Әділдік – елдіктің кепілі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы жоғары оқу орындарының рөлі» тақырыптарында түсірілген онлайн-дәрістер ZOOM платформасында көрсетіліп, әлеуметтік желілерге жүктелді.

https://www.instagram.com/p/B157Q5YFI7N/?utm_source=ig_web_copy_link

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай колледжде «Болашақты болжаған кемел басшы» тақырыбында онлайн конференция өткізілді. Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу, шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу мақсатында өткізілген конференцияда колледж директоры А.Т.Буранова сөз сөйлеп, колледж ұжымы мен студенттерді мерекемен құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Конференцияда арнайы құқықтық пәндер оқытушылары Г.Мұрадымқызы «Вклад Первого Президента страны в становление и развитие судебной системы РК», Г.Қайратқызы «Ел – Елбасына тірек, Елбасы – елге қалқан» тақырыптарында баяндама жасаса, колледждің «Есеп және аудит» мамандығының 2 курс студенті Ж.Боранбай «Әлем Елбасы туралы», «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті Л.Қуаныш «Балалық шаққа саяхат», «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті Д.Ермекова «Роль первого президента в становлении

независимого Казахстана», «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті А.Масалимова «Путь Казахстана в трудах Елбасы», «Менеджмент» мамандығының 2 курс студенті Ж.Кәкім «Жастар болашаққа апаратын алтын көпір» тақырыптарындағы баяндамаларын назарға ұсынды.

https://www.instagram.com/p/CIDmypjFgLf/?utm_medium=copy_link).

Желтоқсан айында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы», «Ақжайық адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің және «КазИИТУ» ғылыми-білім кешені профессорлық – оқытушылар құрамының қатысуымен «Жастар – жемқорлыққа қарсы» тақырыбында онлайн жиын өтті. Жиында Сыбайлас жемқорлықты жою және алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар талқыланды. Сонымен қатар, «Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмыстары таныстырылып, тақырыптық бейнероликтер көрсетілді

https://www.instagram.com/p/B73l8JlI6O/?utm_source=ig_web_copy_link

Колледжде сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан жыл сайын желтоқсан – қаңтар айларында «Таза сессия» акциясы аясында сенім жәшігі орнатылып, «Колледждегі жемқорлық деңгейін анықтау» сауалнамасы өткізіледі.

Ақпан айында колледжде студенттер арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау және тәуекелдерін азайту, жастарды адалдыққа үйрету мақсатында «Адал адам бол!» акциясы ұйымдастырылып, студенттердің қатысуымен бірнеше тақырыптық бейнероликтер түсірілді.

https://www.instagram.com/tv/CLJ2NFkYjff/?utm_source=ig_web_copy_link

Ақпан айында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу мақсатында «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының 1 курс студенттеріне «Адал ұрпақ – Мәңгілік ел болашағы» тақырыбында және «Есеп және аудит» мамандығының 2 курс студенттеріне «Скажем коррупции нет» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтті.

2021 жылдың 25 наурызында ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары қоғамның барлық саласында жүзеге асырылуда. «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде ZOOM платформасында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, парасаттылықты қалыптастыру бағытында «Қоғамда жемқорлықпен күрес, оның алдын-алу – баршамыздың басты міндетіміз» тақырыбындағы онлайн конференция оздырылды. Конференция жұмысына Батыс Қазақстан облыстық, Орал қалалық, аудан мәслихаттарының хатшылары мен депутаттары, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» мүшелері, Қазақстан Инновациялық және Телекоммуникациялық жүйелер университетінің, Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің және Республикалық жоғары техникалық колледжінің оқытушы – профессор құрамы, магистранттар мен студенттер қатысты.

Конференция барысында «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан филиалының жетекшісі А.С.Әйтімов, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Н.І.Сәмет, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы Б.Т.Қонысбаева, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Д.Р.Рахметуллин, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері», заң ғылымдарының кандидаты, «Саналы ұрпақ» офисінің басшысы Т.Х.Рахметов, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан филиалының заңгері А.Қ.Қайрбаева, «Жаңару» Батыс Қазақстан филиалы директорының орынбасары Ә.Н.Баяхов баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды.

https://www.instagram.com/p/CKDldhyFwOI/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылдың 29 сәуірінде МEBБМ «Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің» №57 ішкі бұйрығы негізінде колледжде «Аманат» дебат клубы құрылды. Дебат клубының жетекшісі: М.М.Мусин. Құрамына колледждің 20 студенті қабылданды.

Ағымдағы оқу жылының 13 мамырында «Аманат» дебат клубының алғашқы отырысы өткізілді. Шараға колледждің 1-2 курс студенттері қатысты. Шара барысында колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Мақанова студенттерді «Аманат» клубы, оның жетекшісі мен құрамын таныстырды. Дебат клубының жетекшісі М.М.Мусин студенттерге дебат клубының жалпы ережелері клубтың мақсаты, міндеттері мен бағыттары, клубтың жіктелуі, клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

<https://www.instagram.com/p/COz31u9l-2s/?igshid=1syymi8m79vmpg>

2021 жылдың 19 мамырында Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінде «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған «Саналы ұрпақ – мәңгілік ел болашағы» тақырыбында конференция ұйымдастырылды. Конференцияның мақсаты: студенттердің бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу. Конференцияға колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

Конференция жұмысына қатысқан колледж оқытушылары мен студенттері Конференция барысында әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушылары М.Б.Дюсенгалиеваның «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуының кедергісі», А.Е.Дуйсенгалиеваның «Жас ұрпақ елдің сенімді болашағы», Э.Х.Утепбергенованың «Меры противодействия коррупции в Казахстане» тақырыптарындағы және колледждің «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының студенті Д.Нұржанованың «Елімнің болашағы – менің қолымда», «Ақпараттық жүйелер» мамандығының студенті Н.Ислямғалиевтің «Жемқорлық ғасыр дерті», «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының студенті Л.Умирзакованың «Коррупция – проблема общества» тақырыптарындағы баяндамалары тыңдалып, тақырыптық бейнероликтер мен слайдтар көрсетілді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды. Конференцияда студенттер өздерінің көкейкесті сұрақтарына жауап алды.

https://www.instagram.com/p/CPDmg84lZEb/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CPDmg84lZEb/?utm_medium=copy_link

Ағымдағы оқу жылының 26 мамырында Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінде ақпараттық – техникалық пәндер бірлестігі және студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жұмыс жоспарына сай «Жемқорлық індет – күресу міндет» тақырыбында графикалық суреттер байқауы өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мәселесіне жастардың назарын аудару мақсатында өткізілген байқауға колледждің 1-3 курс студенттері қатысты.

Әділқазылар алқасы әр суреттің айтар ойын, көтерген тақырыбын таразылап, жүлдегерлер туралы шешім шығарды. Байқау қорытындысы бойынша «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті А.Бисекенова 1 орын, «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті Ш.Амангельдиева 2 орын, «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенті Н.Исламғалиев 3 орын иегері атанды. Жүлдегерлер дипломдармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CPX4yNsJmHv/?utm_medium=copy_link

2022 жылы колледж студенттері «Жас Отан» жастар қанаты БҚО филиалының жанынан құрылған “Жас саясаткерлер” мектебі өкілдерімен кездескен болатын. “Жас саясаткерлер” мектебінің мақсаты – жастардың саяси белсенділігін арттыру, патриоттық құндылықтарына негізделген көзқарасын, қоғамға, жалпы мемлекетке деген

жағымды көзқарастарын қалыптастыру. Жастар аталған мектепке сұхбаттасу арқылы қабылданады. Яғни үміткерлерге психологиялық және саяси сұрақтар қойылады. https://www.instagram.com/p/CbDZ4-qAK45/?utm_source=ig_web_copy_link

Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлықтың кең таралуы өзекті мәселе болып табылады. Әлеуметтік зерттеу жүргізу бұл сыбайлас жемқорлық көріністері мен оған қарсы жұмыстарды талдаудың кең таралған бағыттардың бірі. Сыбайлас жемқорлық бойынша сауалнама өткізу жемқорлық туралы статистикалық ақпараттарды алудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Осыған орай 30.03.2022ж студенттердің қатысуымен сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 300-ден аса жас буын қатысып, өз ойларын білдірді.

https://www.instagram.com/p/Cb6-8DCss9Z/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазақ ән өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, Халық Қаһарманы, КСРО Халық әртісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толуына орай “Ақпараттық жүйелер” мамандығының ГИ-22 топ кураторы С.О.Исенжулованың ұйымдастыруымен ”Бұлбұл үнді Роза” атты әдеби-сазды кеші өтті. Аты аңызға айналған әнші Роза Бағланованың құнды мұрасын тарих беттерінен жоғалтпай, көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа насихаттау баршамыздың міндетіміз.

https://www.instagram.com/p/CcDfHajMXNK/?utm_source=ig_web_copy_link

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Менеджмент» мамандығының студенттеріне топ кураторлары тарихи өлкетану мұражайына экскурсия ұйымдастырып, қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. https://www.instagram.com/p/CeOa3p1sGRM/?utm_source=ig_web_copy_link

Мемлекеттік рәміздер-халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. 4 маусым мемлекеттік рәміздер күніне колледждің «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 1 курс студенттеріне топ кураторы Н.Д.Айталипова тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Студенттердің аса маңызды мемлекеттік белгілер - рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындыру, оны ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін ашып көрсету; https://www.instagram.com/p/CeZPCXnrQ4P/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/CeYKHGFoYma/?utm_source=ig_web_copy_link

Білім күні – ерекше, жарқын, көңілді және ізгі мереке. Жылдың осы күнінен бастап білім әлеміне деген күрделі, сонымен қатар қызықты жол басталады. 1-қыркүйек – Білім күніне орай Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және құқық колледжінің 1 курс студенттеріне топ кураторлары “Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік пен патриотизм” тақырыбында тәрбиелік шара өткізді. Шараның мақсаты: білімге деген құндылықты қалыптастыру, өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға деген ұмтылыс; белсенді өмірлік ұстанымды, кәсіби маңызды қасиеттерді және олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында көрініс табуына дайындығын қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға, жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағдарлау.

https://www.instagram.com/p/Ch9h8mSMs-3/?utm_source=ig_web_copy_link

Әскери-патриоттық тәрбие

2018 жылдың қыркүйек-қазан айларында 1-2 курстың ер балалары колледждің жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы Қ.М.Мухамбетъяровпен кездесіп, құқық бұзушылықтың алдын-алу бағытында дәріс тыңдап, ішкі және сыртқы тәртіп ережелері туралы ақпарат алды.

2019 жылдың 4 сәуірінде алғашқы әскери дайындық пәні оқытушысы К.К.Каналиевтің басшылығымен колледже облыстық әскери бөлімше қызметкерлері келіп, студенттерге әскери куәліктерін табыстады.

Әскери-патриоттық тәрбие жүргізіп, оны студенттердің арасында кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың бойына сіңіру – бүгінгі күннің талабы. Жас ұрпақты отансүйгіштікке

тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін ояту, Қарулы күштер туралы түсінік қалыптастыру, Ауған соғысы туралы кеңінен мәлімет беру мақсатында 26 ақпан күні колледжде «Ерлік сағаты» өткізілді. Ерлік сағатына Ауған соғысының ардагерлері А.В.Боровской мен Б.С.Габделов, БҚО Білім басқармасының әдіскері А.Ж.Куанов, «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің әкімшілігі, колледж оқытушылары мен студенттері қатысты. Шара барысында бейнероликтер көрсетіліп, өлеңдер оқылды және ардагерлер өздерінің естеліктерімен бөлісті. Шара соңында ардагерлер мен колледж студенттері ауған соғысында қаза болған жерлестеріміздің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойды.

2020 жылдың 5 наурызында колледж студенттері Жеңіс алаңында Кеңес Одағының батыры генерал – майор Иван Васильевич Панфилов атындағы Ленин ордені, Суворов орденінің Режицк 8-ші гвардиялық мотоатқыш дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесін салтанатты қарсы алу және тапсыру рәсіміне қатысты.

2021 жылдың 6-8 қазанында Орал қаласы ПБ Абай ПБ ЖПКБ ЮПТ КТІЖ полиция капитаны – Каирова Айман Жеңісқызы колледжіміздің 1-4 курс студенттерімен «Құқық бұзушылыққа жол жоқ!» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында А.Жеңісқызы студенттерді қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстырып, кәмелеттік жасқа толмаған студенттерге құқық бұзушылықтың, зорлық – зомбылықтың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, құқық бұзушылық азаматтың абыройы мен қадір қасиетін қаралайтыны жөнінде түсінік берді

https://www.instagram.com/p/CZduso-M8-9/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CVKU755MpbR/?utm_source=ig_web_copy_link

12 қарашада «Жемқорлыққа қарсы күрес-әр азаматтың міндеті» тақырыбында кездесу өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден сақтау мақсатында өткен кездесуге «Жаңару» сыбайластыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы РҚБ орталық аппаратының басшысы М.З.Семғалиев, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаментінің превенция басармасының басшысы Б.М.Хайруллин және колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

https://www.instagram.com/p/CWGGZSNMjmk/?utm_source=ig_web_copy_link

Желтоқсан айында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаменті, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы», «Ақжайық адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің және колледж оқытушыларының қатысуымен «Жастар – жемқорлыққа қарсы» тақырыбында жиын өтті. Жиында Сыбайлас жемқорлықты жою және алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар талқыланды. Сонымен қатар, «Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмыстары таныстырылып, тақырыптық бейнероликтер көрсетілді.

9 желтоқсан күні колледждің тарих пәні оқытушыларының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздіктің жеті тұғыры» дөңгелек үстел оздырылды. Шараға ГБК құрылтайшысы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының БҚФ төрағасы, ҚР ҰИА академигі, БҚО Кеңес хатшысы А.С.Айтимов, «КАЗИИТУ» ГБК вице-президенті Г.Е.Кайрлиева, Орал қалалық маслихат депутаты А.М.Маратова, қатысты.

https://www.instagram.com/p/CXQp6O9MvoL/?utm_source=ig_web_copy_link

10 желтоқсан күні колледж психологы Ж.А.Бижанова студенттерге тәуелсіздіктің қадірін білу, тәуелсіздікті сақтап, жерді қорғауға, еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында «Елім деп соққан жүрегім» тренинг-сабақ өткізді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Патриотизм-Ұлттық рухтың асқақ белгісі» әскери патриоттық сайыс өтті. Мақсаты: Студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеу. Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жарысқа қатысушылардың спорттық шеберлігін көрсету.

Қаңтар айында колледждің “Менеджмент” мамандығының Г-632 тобына Орал қаласы ПБ Абай полиция бөлімінің капитаны Каирова Айман Женисовна “Есірткісіз болашақ” тақырыбында кездесу өткізген болатын. Кездесудің мақсаты: Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, келешек өмірлеріне келтіретін кесепаты туралы түсінік беру, зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CZduso-M8-9/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CVKU755MpbR/?utm_source=ig_web_copy_link

Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, студенттерге патриоттық тәрбие беру біздің басты міндетіміз. Осы орайда колледжде батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен жерлестерімізге құрмет көрсетіліп, кездесу өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CaW2lnJs2j7/?utm_source=ig_web_copy_link

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің алғашқы әскери пән оқытушысы Т.А.Ихсанов колледж студенттеріне әскери саптық дайындық сабақтарын өткізді. Саптық дайындық - әскери тәртіпке үйретіп, саптық бойды түзетуге, ширақтыққа, ептілікке, тәртіптілікке, жеке саптық тәсілдерді, сонымен қатар бөлімше құрамында үйлесімді қимылдарды дұрыс және жылдам орындауға бағытталған. Колледждің ер балалары оқу далалық жиын жаттығуларын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің әскери кафедрасында өтті. Әскери – патриотизм тәрбиесі жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды.

https://www.instagram.com/p/CXsbSbQsGAt/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылдың қыркүйек айында колледжде құқықтану пәнінің оқытушысы Э.А.Латыпова 1 курс топ студенттеріне ҚР Президентінің биылғы жолдауын талқылау мақсатында тәрбие сағатын өткізген болатын. Білім күнімен қатар келген жолдауында Мемлекет басшысы экономикалық даму, мемлекеттік басқару ісін жаңғырту, өнеркәсіпті күшейту, білім және ғылым, мәдениет, бизнес салаларына айқын тоқталды.

https://www.instagram.com/p/CiZaziHMxZp/?utm_source=ig_web_copy_link

Ұлттық тәрбие

2019 жылдың 13 ақпанында Оқушылар сарайының коворкинг орталығында «Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі» атты облыстық оқыту семинарына колледждің педагог-ұйымдастырушысы З.М.Иргалиева қатысып, тәжірибе алмасты.

1 наурыз күні колледж қабырғасында, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Алғыс айту» күні оздырылды. Мерекеге 1 курс студенттері қатысып, әр ұлт өкілдерінің салт дәстүрлері, ұлттық тағамдары, тілдері, тарихына тоқталып, Қазақстан халқына алғыстарын білдірді. Алғыс айту күні әртүрлі ұлт өкілдерінің концерттік бағдарламасымен жалғасты.

https://www.instagram.com/p/BugpAl5h9wy/?utm_source=ig_web_copy_link

19 наурыз күні Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі тойланды. Қазақтың негізгі салт дәстүрлері көрсетіліп, ұлттық тағамдары ұсынылып, ұлттық ойындар ойналды. Мереке Студенттер сарайы ұжымының ұйымдастырған концерттік бағдарламасымен жалғасты.

https://www.instagram.com/p/BvcJhYHh4N/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/BvcJuU8h3Ur/?utm_source=ig_web_copy_link

20 наурыз күні «75 – летие депортации чечено-ингушского народа» атты мерекелік шара өтті. Шарада негізгі шешен халқының дәстүрлері, тарихы жайында көптеген мағлұматтар берілді. Шараға колледждің 1 курс студенттері қатысты.

https://www.instagram.com/p/BvcGWzdBBc8/?utm_source=ig_web_copy_link

2019 жылы 1 қыркүйек күні «КазИИТУ» ғылыми-білім кешені профессорлық – оқытушылар құрамы, шақырулы қонақтар, білім беру саласының ардагерлері және студенттерінің қатысуымен Білім беру күніне арналған салтанатты шара өтті. Шарадан кейін

барлық кураторлар өз топтарында «Адалдық сағаты!» тақырыбында кураторлық сағаттар өткізіп, студенттерді «Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен» таныстырды.
https://www.instagram.com/p/B15wM8-FXV2/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/B157Q5YF17N/?utm_source=ig_web_copy_link

22 қыркүйек күні елімізде тұратын әр түрлі халықтардың мәдени мұрасын зерттеу арқылы жастар бойында патриотизмді нығайту, рухани құндылықтарды насихаттау мақсатында «Тіл – ұлт тұтастығының тұғыры» атты дәстүрлі тілдер фестивалі өткізілді. Фестивальде ғылыми-білім кешенінің студенттері қазақ, орыс, кәріс, үнді, украин, әзірбайжан, шешен, өзбек, татар халықтарының салт-дәстүрлері мен өнерлерін көрсетті. Колледж студенттері татар халқының салт-дәстүрі, ұлттық киімдері мен ұлттық тағамдары туралы мағлұмат беріп, татар тілінде құттықтау сөз сөйледі.

https://www.instagram.com/p/B2pFKjNFJkq/?utm_source=ig_web_copy_link

7 қазанда колледж оқытушылары мен студенттері «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде өткен «А.Құнанбаев пен А.С.Пушкин – Еуразия халықтарының тілін, мәдениетін, ұлттық бірегейлігін ұлықтаушылар мен дәріптеушілер» тақырыбындағы халықаралық конференцияға және конференция аясында өткізілген дәрістер мен тренингтерге қатысты. Халықаралық конференция аясында ұйымдастырылған «Абай және Пушкиннің көркем шығармаларын мәнерлеп оқудың шебері» атты студенттер арасында байқауда колледж студенттері Г.Қалиматова, Г.Калиуллина, К.Булатова және А.Русакова алғыс хатпен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/B8iGag0ltw/?utm_source=ig_web_copy_link

Қараша айында колледжде Жалпыадамзаттық құндылықтар апталығы оздырылды. Апталық барысында «Адам өмірі – басты құндылық» тақырыбында байқау, кітап көрмесі, семинар – тренинг және қабырға газеттерінің байқауы өткізілді. 21 қараша күні колледж студенттері кітапхана мамандары ұйымдастырған кітап көрмесін тамашалады. 22 қарашада колледж психологы Э.М.Гайсина оқытушыларға «Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі» атты тренинг өткізді.

Отбасылық тәрбие

2018 жылдың 19 қыркүйегі күні Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясында «Аналар Кеңесіне» Радиоэлектроника және байланыс мамандығының 1 курс студенттері және топ кураторы А.Б.Джумағалиева қатысты.

Қараша айында колледжде жалпы ата – аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында студенттің тәртібі мен оқу үлгерімі, практикадан өту кестесі, психолог мамандармен жұмыс нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар ата – аналар әлеуметтік желілерді талдау, қауіп-қатер белгісі көрсетілген жазбалар мен талдау жасамау себептерін анықтау мақсатында рұқсаттамаларын жазды.

https://www.instagram.com/p/B3KNVt1F7_1/?utm_source=ig_web_copy_link

2018 жылдың 14 қарашасында Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастырылуымен қазақ әлібиін латын графикасына көшіру жұмыстары аясында республика бойынша «Жалпыхалықтық диктант» өткізілді.

https://www.instagram.com/p/BqKoKNChHw7/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/BqEu98IBlCx/?utm_source=ig_web_copy_link

22 қараша күні елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» аттын мақаласын талқылау мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

2019 жылдың 19 ақпаны күні колледжде «Аналар үйінің» қызметкерлері келіп, колледжде оқитын қыз балалармен кездесіп, аналар үйінің жұмысымен таныстырды. Аналар үйінің дәрігер мамандары студенттермен сыр сұхбат жүргізді. Оларға сенім телефондарын таратты.

2019 жылдың қыркүйек айында топ кураторлары «Отбасы – шағын мемлекет», «Отбасы құндылықтары» тақырыптарында ата-аналармен бірлескен ашық тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Тәрбие сағаттарына колледж әкімшілігі мен оқытушылары және ата-аналар қатысты. Г-311 тобының кураторы Н.К.Султанова, Г-312 тобының кураторы З.Е.Габбасова,

9ю-11 топ кураторы А.К.Танатова, ГРС-22 топ кураторы А.Б.Джумагалиеваның тәрбие сағаттары жоғары дәрежеде өтіп, ата-аналар тарапынан оң бағасын алды.

20 наурыз – 5 сәуір күндері аралығында өткізілген «Біз біргеміз!» фотосуреттер байқауының қорытындысы бойынша «Автомобиль жолдары мен аэдромдар құрылысы» мамандығының 2 курс студенті Д.Хамзина 1 орын, «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студенті А.Кенжеғалиева 2 орын, «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті Н.Кеңесов 3 орын жеңімпазы атанды. Өткізілген байқаулардың материалдары колледждің әлеуметтік желілеріне жүктеліп, жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/B-HXpvklrHo/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B-JO6JFlm29/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B-Yk3YDFLom/?utm_source=ig_web_copy_link

1 қазан Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінде жалпы ата – аналар жиналысы оздырылды. Жиналыста ата-аналар колледждің ішкі тәртібімен, оқу жүйесімен танысты. Ата-аналар жиналысына №1 Орал Қалалық емханасының емдік ісі бөлімінің орынбасары Р.Н.Бралов және бас мейірбике Л.М.Наушанова қатысып, ата-аналарға COVID-19 короновирустік жұқпасы – бұл бұрын адамдарда анықталмаған жаңа туындаған ауру екенін, індеттің таралуы, короновирустың белгілері мен қорғану жолдары жөнінде толық мағлұмат берді.

https://www.instagram.com/p/CHzyJTSIYUk/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылғы 4 ақпан мен 1 наурыз аралығында Алғыс айту күнінің қарсаңында Студенттік парламент мүшелерінің арасында «Алтын жүрек» атты челлендж өтіп, челленджге колледж студенттері белсенді қатысты.

https://www.instagram.com/tv/CaO_4LhK5HQ/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/CaPvje8qlPj/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/Cag_JfLMYxp/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/CajFKp4qtLu/?utm_source=ig_web_copy_link

14 наурыз - қазақ халқы үшін ежелден күнтізбедегі айтулы күндердің бірі. Өйткені дәл осы күні ата-бабамыз өкпе-ренішті ұмытып, қыстан аман шыққандарының құрметіне бас қосып, қауышуды құп көрген. Көшпелі ғұмыр кешкен ата-бабамыз, алты ай қыстан аман-есен шығып, көктемге иек артқан шақта - ағайынды іздеп барып, амандық сұрасады. Төс қағыстырып, «Бір жас қосуыңмен», «Жас құтты болсын!» деген тілектер айтылатын күн.

https://www.instagram.com/p/CbErwg8qw04/?utm_source=ig_web_copy_link

Колледждің оқытушылар құрамы мен студенттері “Облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернат кешенінде” болып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй мен сыйлықтар табыстап, игі іс атқарды. Әр бала бақытты болуға лайықты.

https://www.instagram.com/p/Cc_BQZEMno8/?utm_source=ig_web_copy_link

Отбасы – адамзаттың алтын ұясы. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше. 2022 жылдың қыркүйек айында колледжде отбасы күніне арналған «Отбасы - өмір айнасы» атты студенттер мен ата-аналардың қатысуымен спорттық жарыс өткізілді. Шараның мақсаты; отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым- қатынасты нығайту.

https://www.instagram.com/p/CiUkbApsjgU/?utm_source=ig_web_copy_link

Рухани-адамгершілік тәрбие

2018 жылдың 24 қыркүйегінде колледж әкімшілігі мен колледждің еріктілері Орал қаласының тұрғыны, үйі өртке оранған жалғыз басты ана, 35 жасар Ирина Долженконың үйіне қайырымдылық акциясымен барды.

https://www.instagram.com/p/B8ltOq2FnNr/?utm_source=ig_web_copy_link

2019 жылдың 10 қаңтар мен 10 ақпан арасында өткізілген «Қамқорлық» акциясы аясында 5 ақпан күні колледжі әкімшілігі және колледж психологі А.С.Балахметтің ұйымдастыруымен «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жәрмеңкесі оздырылды. Жәрмеңкеде колледж студенттері өз қолдарынан дайындалған қолөнер бұйымдарын сатып, түскен қаражатқа мұқтаж жандарға көмектесті.

https://www.instagram.com/p/BtgM0yihHyl/?utm_source=ig_web_copy_link

7 ақпан күні Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі және «КазИИТУ» ҒБК оқытушылары концерттік бағдарламамен облыстық қарттар үйіне барып, аталарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлап келді. Қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатқа сыйлықтар таратып, колледж оқытушыларының алып келген киім-кешек, кітаптарын сыйлап үлкен кісілердің ақ батасын алды.

7 ақпан күні студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының қар тазалау жұмыстарына қатысты. Қаламыздың тұрғындарына, қарияларына өз көмектерін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/BtkgfWqB0kc/?utm_source=ig_web_copy_link

11 ақпан күні «КазИИТУ» ҒБК ұйымдастыруымен колледж студенттері Ауған соғыс ардагерлерімен кездесті. Қарияларға сұрақтар қойып, қызығушылықтарын көрсетті. Осы күні колледжімізге «Жас Отан – Жастар қанаты» өкілдері келіп, студенттер жастармен ашық кездесу өткізді. Кездесуде Жас Отан жастар қанатының жұмысымен таныстырды.

10 қыркүйек күні «Есеп және аудит» мамандығының Г-311 тобы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Бірінші курстықтар» апталығы аясында өткен шараға қатысып, кітапхана жұмысы туралы толық ақпарат алды.

Колледждің «Есеп және аудит» мамандығының 1 курс студенті Исмаилова Севда облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жастар арасында Абай шығармаларын насихаттау арқылы қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген өзге этнос өкілдерінің қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілген «Тіл – достықтың айнасы» атты Абай өлеңдерін жатқа оқу эстафетасына қатысып, А.Құнанбаевтың «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңін жатқа оқыды.

https://www.instagram.com/p/B-rHEQplq48/?utm_source=ig_web_copy_link

Халқымыздың қанына сіңген ең жақсы қасиеттерінің бірі – қайырымдылық, жомарттық. Өзіңде бармен әр адаммен шын жүректен бөлісу жомарттық. Жас ұрпақтың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыра отырып, оларды кішіпейілдікке, бауырмалдыққа баулу, жақсы істер жасау арқылы сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамытуға тәрбиелеу біздің басты борышымыз. Осы мақсатта колледждің өзін-өзі басқару ұйымының студенттері 1 қазан – Қариялар күнінде облыстық Қарттар үйінде концерттік бағдарлама қойып, сенбіліктерге қатысты.

https://www.instagram.com/p/BtkgfWqB0kc/?utm_source=ig_web_copy_link

Қайырымдылық айлығы аясында қазан айында колледжде «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жәрмеңкесі өткізіліп, колледж оқытушылары мен студенттері жәрмеңкеден түскен қаражатты ауыр науқасқа шалдыққан балалардың есеп шотына аударды.

https://www.instagram.com/p/BtgM0yihHyl/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B46iwjbFrFP/?utm_source=ig_web_copy_link

18 қазан күні колледжде 1 курс студенттеріне арналған «Студенттік қатарға қабылдау» салтанатты кеші өтті. Мерекелік іс-шараға колледж әкімшілігі, оқытушылары мен студенттері қатысты. Білім ордасындағы студенттік өзін-өзі басқару ұйымының белсенділері құттықтау сөз сөйлеп колледж 1 курс студенттерін белсенділер қатарына қабылдап, төс белгі тақса, бөлім меңгерушілері I курс студенттеріне «Білім кілтін», студенттік билеттер мен сынақ кітапшаларын салтанатты түрде табыс етті. Колледждің өнерлі студенттері мерекелік шараны әдемі әнмен әрлеп, бимен көмкерді.

https://www.instagram.com/p/B3w0-8bFRqq/?utm_source=ig_web_copy_link

Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді мерекелердің бірі. Биылғы жаңа жыл мерекесін колледж оқытушылары мен студенттері барлық сән-салтанатымен қарсы алды. Жаңа жылдық кеште өткен жылдың жетістіктері қорытындыланып, «Жыл үздіктері» анықталды. Атап айтсақ, «Ең белсенді студент – 2019» номинациясымен «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті Г.Қалиматова, «Ең жас ғылымтанушы - 2019» номинациясымен «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студенті Қ.Тұяқбаев, «Ең үздік өнерпаз – 2019» номинациясымен «Аударма ісі»

мамандығының 2 курс студенті С.Давлетова, «Ең үздік биші - 2019» номинациясымен «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының 4 курс студенті Б.Тарғынова, «Ең үздік спортшы - 2019» номинациясымен «Қаржы» мамандығының 1 курс студенті Ә.Бірлесов марапатталды. Жаңа жыл кешінде колледж студенттері ән айтып, би биледі, Аяз ата мен Ақшақармен бірге түрлі ойындар ойнады. Кеш студенттердің жаңа жылдық би кешімен аяқталды.

https://www.instagram.com/p/B6a24rVlHef/?utm_source=ig_web_copy_link

2020 жылдың 9 қаңтарында колледжде Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу, ақын шығармашылығын насихаттау, адамгершілік, ақындық қасиеттерін таныту, тіл шеберлігін ұғындыру, қанатты сөздерінің мән-мағынасын ұғындыру, ақын шығармаларын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында Облыстық орталықтандырылған кітапханалар желісінің №2 филиалымен бірлескен «Елі қадірлеген Қадыр» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесін 1-4 курс студенттері тамашалап, ақын шығармашылығымен толықтай танысуға мүмкіндік алды.

2020 жылдың 19 қаңтарында А.Иманов атындағы жол-көлік колледжі базасында «Колледждердегі тәрбие беру үдерісі аясында студенттердің жалпы адами құндылықтарын қалыптастыру және дамыту» тақырыбында өткен семинар – практикумға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Маканова және тәрбие жұмысын ұйымдастырушы З.М.Кентугаева қатысты. Семинар барысында жеке тұлға бойында рухани ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі отбасының рөлі талқыланып, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық дәрігерлерінің баяндамалары тыңдалды.

Ел Президенті Қ.Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында 2020 жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланған болатын. Еріктілік – жастардың өз белсенділігін көрсетіп қана қоймай, тәжірибе жинауға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, әлемді жаңа қырынан көруге мүмкіндік бермек. Бос уақытты еріктілікке жұмсау студенттердің тұлғалық дамуына үлкен ықпал етеді. Осы орайда колледждің «Ізгілік» еріктілер ұйымы 5 ақпан күні БҚО Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы еріктілерімен бірлесе отырып жалғыз басты ананың үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге септігін тигізді. Сонымен қатар, қайырымдылық акциясы аясында 11 ақпан күні облыстық Отбасылық үлгідегі балалар ауылының тәрбиеленушілерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында колледж ұжымы балалар ауылының тәрбиеленушісіне сертификат табыстады.

https://www.instagram.com/p/B8bPKAIFQvJ/?utm_source=ig_web_copy_link

2020 жылдың 11 ақпанында Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған ақынның шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту мақсатында колледж Орталықтандырылған кітапханалар желісімен бірлесе отырып А.Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында «Абайды оқы, таңырқа...» тақырыбында әдеби – сазды кеш ұйымдастырылды. Әдеби кешке БҚО Тілдерді дамыту басқармасының мамандары, кітапханашылар, колледж оқытушылары және М.Өтемісов атындағы БҚМУ мен Құрманғазы атындағы саз колледжінің студенттері қатысты. Кеш барысында А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты бейнероликтер көрсетіліп, ақынның өлеңдері оқылып, әндері шырқалды және студенттер кітап көрмесімен танысты. Шара соңында белсенді қатысқан студенттерге БҚО Тілдерді дамыту басқармасының алғыс хаты табысталды.

https://www.instagram.com/p/B8iGag0lt w/?utm_source=ig_web_copy_link

Ақпан айында колледждің «Ізгілік еріктілер» ұйымының студенттері қала еріктілерімен бірге баспанасыз қалған жалғыз басты ана мен оның ұлына берілген пәтерге жөндеу жұмыстарына қатысты. Еріктілер пәтердің тұсқағаздарын ауыстырып, әктеуге көмектесті.

https://www.instagram.com/p/B8ltOq2FnNr/?utm_source=ig_web_copy_link

13 ақпанда колледж студенттері Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қатысуымен өткен «Біргеміз!» республикалық волонтерлер фронт офисінің ашылуын тікелей эфирден БҚО әкімшілігімен бірге тамашалады.

27 ақпан күні «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік шараға облыстық ассамблея мүшелері, «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешесінің профессорлық-оқытушылар құрамы және студенттер қатысты. Мерекелік концерт «Масленица» мейрамына ұлысты.

https://www.instagram.com/p/B9EauMzl6jx/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазақстан халқының жалпыұлттық бірлігін нығайту, қоғамдық келісім, қайырымдылық, әлеуметтік ынтымақтастықты сақтау мақсатында елімізде 1 наурызда Алғыс айту күні атап өтіледі. Колледжде дәстүрге сай Алғыс айту күнінде студенттік өзін – өзі басқару ұйымының белсенділері колледж ұжымын алғыс сөздерімен қарсы алып, мерекелік концерт ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/p/B9HvBmlIE15/?utm_source=ig_web_copy_link

Қашықтықтан оқыту кезінде өткізілген «Қашықтықтан оқыту бізге кедергі емес!» бейнероликтер байқауына, «Біз біргеміз!» фотосуреттер байқауына, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!» өлеңдер байқауына колледждің еріктілер ұйымының студенттері белсенді қатысты.

https://www.instagram.com/tv/B FgltWF nD/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B FgU-glNwA/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B H3jHblLEs/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B H NmdlQbL/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B IUT8MlOaX/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B If4vHlcho/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B KEe15FHiN/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B MxFitlURm/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B Mx4ULlQHi/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B UXrOXFMWg/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B UfrepF-fX/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B UjF eFhji/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/B U2Me8FZzv/?utm_source=ig_web_copy_link

«Біз біргеміз!» республикалық акциясы аясында «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті К.Елеуова облыс еріктілерімен бірге әлеуметтік жұмыстарға қатысты.

https://www.instagram.com/p/B-eY6o9FNqV/?utm_source=ig_web_copy_link

20 наурыз – 1 сәуір аралығында онлайн түрде «Қашықтықтан оқу бізге кедергі емес!» қашықтықтан бейнероликтер байқауы өткізілді. Байқауға 1-3 курс студенттері қатысып, қорытынды бойынша «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының 2 курсы 1 орын, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 3 курсы 2 орын, Оптикалық электрондық жабдықтар» мамандығының 2 курсы 3 орын иеленді.

https://www.instagram.com/tv/B-JO6JFlm29/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B-Ht7RnFa1t/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/B-Yk3YDFLom/?utm_source=ig_web_copy_link

Мамыр айында Қазақстанның халық жазушысы, қазақтың ақиық ақыны Ж.Молдағалиевтың 100 жылдық мерейтойын ұлықтау, ақынның қалам өнеріндегі асқан дарынын және шеберлігін таныту, «Мен қазақпын» поэмасы арқылы жастардың дүниетанымын кеңейту, ізденіс – шығармашылық дағдыларын және тіл мәдениетін дамыту мақсатында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студент жастары арасында өткен «Мен қазақпын» атты облыстық онлайн байқауында колледждің «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті Г.Қалиматова бас жүлде иегері атанды.

https://www.instagram.com/tv/CAVfwNliJKN/?utm_source=ig_web_copy_link

Ағымдағы жылдың 30 маусымында колледжде «Есеп және аудит», «Құқықтану», «Қаржы», «Аударма ісі», «Радиоэлектроника және байланыс», «Есептеу техникасы және

бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтарының түлектеріне арналған диплом табыстау кеші өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CCDik7hF1mE/?utm_source=ig_web_copy_link

Жас ұрпақтың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыра отырып, оларды кішіпейілдікке, бауырмалдыққа баулу, жақсы істер жасау арқылы сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамытуға тәрбиелеу біздің басты борышымыз. Осы мақсатта «Қайырымдылық айлығы» аясында колледж ұжымы қала тазалығын қамтамасыз етіп жүрген жұмысшыларға «Жылулық сыйла» акциясын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CH1CHWCID3a/?utm_medium=copy_link

Қайырымдылық шарасы желтоқсан айында жалғасын тауып, Жаңа жыл қарсаңында колледж ұжымы «Мой город» қоғамдық-саяси газетімен, қаламыздың кәсіпорындарымен және басқа да оқу орындарымен бірлесе отырып, көп балалы және әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларға қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

2022 жылдың ақпан айында БҚО жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы студенттермен кездесу өткізді. Кездесу барысында Жастарға қызмет көрсету бөлім басшысы М.Ө.Тұрғынғали студенттерге жұмысқа орналасу, практикадан өту, мемлекеттік бағдарламалар жөнінде мәлімет берді. «Ақжайық жастары» волонтерлік корпусының жетекшісі, Жастарды қолдау бөлімінің маманы Н.Д.Курамысова «Ақжайық жастары» волонтерлік корпусының жұмысы туралы ақпараттық жұмыс жүргізіп, белсенді студенттерді бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

https://www.instagram.com/p/CaEmbRvs4Wu/?utm_source=ig_web_copy_link

Колледжде Халықаралық әйелдер күні мерекесі орай салтанатты шара өтті. Университет құрылтайшысы А.С.Әйтімов нәзік жанды аруларды 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады.

https://www.instagram.com/p/CazkwNaMsNz/?utm_source=ig_web_copy_link

Наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Наурыз мейрамы – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі. Жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алады. Ұлыстың ұлы күніне орай колледждің пәндік бірлестіктері арасында салт-дәстүрлерге байланысты сайыс өткізілді. Сайыс барысында бірлестіктер «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Беташар», «Қыз ұзату» дәстүрлерінен үзінділер көрсетті.

https://www.instagram.com/p/CbPvuccM-Uf/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CbP-Aj-sRmG/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CbP_IL-Mkw1/?utm_source=ig_web_copy_link

Сәуір айында «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Құқықтану» мамандықтарының 1 курс студенттері «Экология және табиғаттану мұражайына» экскурсия жасады.

«Бала - өмірдің гүлі, біздің болашағымыз» деген ұстанымды алға қойған колледждің оқытушылар құрамы мен студенттері «Облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернат кешенінің» оқушыларына қайырымдылық шараларын өткізді.

https://www.instagram.com/p/Cb4DvBHqNT3/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылдың 9 қыркүйегінде қазақ тілі пәндерінің оқытушысы Ә.Ж.Оразова 1 курс студенттеріне А.Байтұрсынұлының 150-жыл мерейтойына орай «Ұлттың рухани көсемі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында видеоролик көрсетілді. Менеджмент мамандығының Г-612 топ студенттері А.Орынбасар А.Байтұрсынұлының «Ерсайын» жырынан үзінді және 9-611 топ студенті М.Салмина ақын өлеңін жатқа оқыды. Студенттер ақынның мысалдары, шығармалары туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

https://www.instagram.com/p/CiSE9jzsg0e/?utm_source=ig_web_copy_link

22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай колледждің 1 курс студенттері арасында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ

тілінің мәртебесін көтеру, тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру.

https://www.instagram.com/p/CixBUDWLft4/?utm_source=ig_web_copy_link

Тілдер апталығы аясында 2 курс студенттері арасында “Үш тілдің білгірі” атты интеллектуалды сайысы өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Ci1utuuaqMLE/?utm_source=ig_web_copy_link

23 қыркүйекте Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған апталықтың жабылу салтанаты өтті. Мақсаты: Қазақ тілін сүйе, құрметтеуге үйрету, Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, тарихын, тілін құрметтеу, әдет - ғұрыпын және салт-дәстүрімен танысу және зерттеу, толеранттық тұлға қалыптастыру, үштілдікті дамыту, шығармашылық, интеллектуалдық, көркемдік қабілеттерді дамыту.

https://www.instagram.com/p/CjGKAbrs JY/?utm_source=ig_web_copy_link

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы. Қазіргі өркениеттің негізі, дені сау және рухани дамыған адам. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан халқының әл – ауқатын – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында: «Дені сау ұлт – жалпы ұлттық міндет. Салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау жұмысын жандандыру керек» - деп атап айтқан еді. Осы орайда жастардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдануға ынтасын арттыру, денсаулықты сақтау мен зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында 2019 жылдың қыркүйегінде «Хан тоғайы» базасында студенттермен «Денсаулық күні» дәстүрлі фестивалі өткізілді. Фестивальге студенттер, оқытушылар қатысты. Шараны ҚазИИТУ ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік Академиясының Батыс Қазақстан бөлімшесінің төрағасы, профессор Әйтимов Ақсерік Сарыұлы ашып берді және қатысушыларға сәттілік тіледі. «Денсаулық күні» фестивалі аясында студенттер арасында спорттық эстафеталар, көңілді старттар, футболдан жарыстар, арқан тартыс, ұзындыққа секіру сияқта спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, үздіктер анықталды. Сонымен қатар табиғи материалдардан дайындалған өнімдер байқауы оздырылды. Барлық топтар байқауға қатысуға шынайы қызығушылық, таусылмайтын ой танытты. Спорт арқылы салауатты өмірді ұрпақ санасына сіңіруді көздеген бұл мереке жоғары деңгейде өтті.

2018 жылдың 16 қарашасында Бүкіл әлемдік ЖИТС- қа қарсы күрес күніне орай колледжде дөнгелек үстел ұйымдастырылды. ГРС-12 топ ұйымдастыруымен «Ертеңінді ойласаң-есірткіге жолама» атты тәрбие сағаты оздырылды. Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу мақсатында өткізілген шаралардан студенттер көптеген мағлұмат алды.

30 желтоқсан күні колледж оқытушылары мен студенттері БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының және Орал қаласы әкімінің ұйымдастыруымен «Жаңа жыл» мерекесіне орай өткізілген шаңғымен көпшілік жүгіру марафонына қатысты.

https://www.instagram.com/p/BtGasAkBZEh/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/BuYzgT0B90C/?utm_source=ig_web_copy_link

2 наурыз күні колледждің алғашқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастырушысы К.К.Каналиев ұйымдастыруымен әскери спорттық жарыс өтті. Бұл шараға колледждің 1 курс студенттері қатысып, бақтарын сынады. Жарыс қорытындысы бойынша жүлдегер студенттер марапатталды.

2019 жылдың 13-19 мамыр күндері Халықаралық ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу күніне орай колледждің 1 курс студенттері ЖИТС орталығынан маманы Г.К.Умбетовамен кездесті. Г.К.Умбетова студенттерге ЖИТС-тің жұғу жолдары мен оның алдын алу шаралары жайында құнды мәліметтер берді.

5 қазанда қаламызда облыс әкімі Ғ.Нәжімеденов, халықаралық спорт шебері және Гиннес рекордтар кітабына жеті рет енген спортшы М.Жыланбаев және триатлоннан жасөспірімдер арасында Азия чемпионатының қола жүлдегері Е.Жаппаровтың қатысуымен өткен «Ақжайық марафон - 2019» көпшілік шарасына колледж оқытушылары мен студенттері белсене атсалысты. Аталмыш шараға колледж оқытушылары А.Б.Елеуова, М.М.Мусин және колледж студенттері Т.Молдабеков, І.Алексейұлы, Б.Қажет, Д.Отарбаев қатысып, 10,5 км қашықтыққа өзге қатысушылармен бірге бақ сынады. Шара соңында қатысушылардың бәрі медальдармен марапатталды.
https://www.instagram.com/p/B3TZE77lr7v/?utm_source=ig_web_copy_link

Қараша айында колледждің 1-2 курс топтарының қыз балалары БҚО Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орталығының гинеколог дәрігері З.Каримовамен кездесті. Кездесуде қыз балаларға «Ерте жастағы жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында дәріс оқылды. Гинеколог жасөспірімдер арасындағы жұқпалы аурулардың алдын-алу, ерте жастағы жүктілік пен жеке гигиенаны сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Әйелдер қауымының денсаулығы - бұл біздің ұлтымыздың болашағы. Жас ұрпақтың болашағы үшін осындай тақырыптағы іс-шараларды белсенді түрде жиі өткізіп, жастар арасында насихаттауымыз қажет екені айтылды. Дәріс соңында қыз балалар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, бейнематериалдар көрсетілді.

2019 жылдың қараша айында Бүкіләлемдік ЖИТС-ке қарсы күрес күні қарсаңында БҚО ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының маманы Г.К.Умбетова колледждің 1-3 курс студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында студенттерге АИТВ және ЖИТС-тің жұғу жолдары мен алдын алу шаралары және «Стигма мен кемсітушілік» туралы толық ақпарат берді, АИТВ-жұқпасының БҚО-дағы эпидемиологиялық жағдайымен таныстырды. Кездесу барысында АИТВ-жұқпасының алдын алуға арналған бейнероликтер көрсетіліп, қатысушыларға ақпараттық-ағарту парақшалары үлестірілді.

https://www.instagram.com/p/B8YiUyBFXxV/?utm_source=ig_web_copy_link

2020 жылдың 1 ақпаны күні студенттердің бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды насихаттау мақсатында колледждің 1 курс студенттері «Динамо» спорт кешенінде өткен шаңғы тебу жарысына қатысты.
https://www.instagram.com/p/B8FzBDXFEY6/?utm_source=ig_web_copy_link

5 ақпан күні колледждің 1-4 курс студенттері облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орталығының мамандарымен кездесіп, әлемде және елімізде белең алып отырған эпидемиологиялық аурулар туралы ақпарат алды.

Ақпан айында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дарынды жас спортшыларды анықтау, колледж оқытушылары арасындағы спорттық ойын түрлерін дамыту мақсатында өткізілген колледж спартакиадасы жарыстарының облыстық кезеңінде колледждің волейболдан ер балалар құрама командасы жүлделі үшінші орынға ие болды.
https://www.instagram.com/p/B8g69zeFKOf/?utm_source=ig_web_copy_link

2020 жылдың 26 қыркүйегінде бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жергілікті жерде бағдарлау біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру, денсаулықты шыңдау, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында өткен қалалық «Квест бағдарлау» ашық жарысына «Есеп және аудит», «Қаржы», «Менеджмент», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының 1-2 курс студенттері қатысты.

29 қыркүйекте колледждің «Есеп және аудит» мамандығының 2 курс студенті С.Исмаилова және «Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті Л.Қуаныш «Бүкіләлемдік жүрек күніне» орай «Бастау» коворкинг орталығында өткен «Алғашқы жәрдем көрсету» тақырыбындағы шеберлік класына қатысты.

28 қыркүйек пен 2 қазан аралығында колледж студенттері үшін табиғат аясында квадроциклмен экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия алаңында студенттер квадроцикл туралы мағлұмат алып, оны айдаудағы қауіпсіздік ережелерімен танысты және нұсқаушы оқытушының көмегімен квадроцикл жүргізді. Мұндай шаралар студенттердің бойында өзіне деген сенімін қалыптастырып, білім ордасымен толық танысуға мүмкіндік береді.

https://www.instagram.com/p/CFyvPx4FKNR/?utm_medium=copy_link

Қараша айында колледждің 1-2 курс студенттеріне ютуб және инстаграмм әлеуметтік желілері арқылы «Есірткіні тұтыну және оны таратудың құқықтық аспектілері» тақырыбында онлайн дәріс өткізілді. Дәріс қорытындысы бойынша кураторлар тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CHoucSJF6DA/?utm_medium=copy_link

2020 жылдың 30 қарашасында туберкулездің алдын алу мақсатында Батыс Қазақстан облыстық туберкулезге қарсы диспансер маманы, фтизиатр Хамзина Салтанат Габбасовна колледждің 1-2 курс студенттеріне ZOOM платформасында «Өкпеден тыс туберкулезді диагностикалау және анықтау» тақырыбында дәріс өткізді.

Жыл сайын әлем бойынша аталып өтетін 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай колледж студенттері облыстық СПИД-ке қарсы күрес және алдын-алу орталығының эпидемиолог – дәрігері, профилактикалық бөлім меңгерушісі Хафизова Эльвира Ақылбековнамен кездесті. Шараның мақсаты: СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, зиянды жақтарын, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты түсіндіру.

https://www.instagram.com/p/CHzyJTSIYUk/?utm_medium=copy_link

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында қала колледждері арасында ұйымдастырылған волейбол жарысының аймақтық кезеңінде колледждің құрама командасы жүлделі 2 орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.

https://www.instagram.com/p/B8g69zeFKOf/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылдың 17-ші қыркүйек күні Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің 1,2 курс студенттері өзіміздің жерлесіміз, Бокстан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, қазақ тарихында тұғыш рет Азия ойындарында екі мәрте жеңіске жеткен боксшы, Рио Олимпиадасының жіңіспазы – Данияр Елеусіновпен кездесті.

https://www.instagram.com/p/CVljGrNMFML/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылдың 8 қазанында колледж психологі Ж.А.Шуппасова «Сырласайық, қырмызы қыздар!» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуде Ж.А.Шуппасова қыз - болашақ ана, шаңырақтың берекесі, нәзіктік, сүйкімділік, инабаттылық, сыпайылық, әдемілік туралы қыз балаларға мағлұмат берді. Кездесуге қатысқан колледж медбикесі А.Е.Айтимова, «Медикер – Орал» ЖШС дәрігер-гинекологы Л.А.Воронина және В.М.Жумабаева қыз балалардың жеке гигиенасы, жүктіліктің алдын алу және оның салдары туралы өз ойларымен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/CVFio_xsOiQ/?utm_source=ig_web_copy_link

11 қазан күні 1-3 курс студенттеріне «Қазақстан Республикасының Қызыл Ай Қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің директоры С.Тенишева «Алғашқы көмек көрсету» тақырыбында тренинг өткізді. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетудің түрлі жолдарын студенттерге іс-тәжірибеде көрсетіп, маңызды ақпараттармен бөлісті.

Қараша айында колледждің 1-2 курс студенттеріне ютуб және инстаграмм әлеуметтік желілері арқылы «Есірткіні тұтыну және оны таратудың құқықтық аспектілері» тақырыбында онлайн дәріс өткізілді. Дәріс қорытындысы бойынша кураторлар тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CHoucSJF6DA/?utm_medium=copy_link

2022 жылдың 11 наурызында колледж студенттеріне БҚО санитарлық эпидемиологиялық бақылау департамент басшысы К.Ж.Ахметкалиева “Туберкулездің алдын - алу” тақырыбында дәріс өткізді.

Есірткі деп аталатын тажалмен күрес - біздің еліміз ғана емес, бүкіл әлемді жайлаған мәселе. Қазақстан есірткіге қарсы күрес жүргізуде мемлекеттік саясат жүргізіп, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің бағдарламасын іске асыруда. Осы орайда 15 маусым күні Халықаралық цифрлық технологиялар, сәулет және құқық колледжі, Республикалық жоғары техникалық колледжі және Батыс Қазақстан академиялық колледжінің 1-2 курс студенттерімен «Жасөспірімдер арасында есірткі қылмысының алдын алу» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында Облыстық маслихат депутаты, БҚО

еріктісі А.Мырзахметова, ҚР ММА жасөспірімдер құрамасының бас бапкері, БҚО ММА Федерациясының директорының міндетін атқарушы А.Исентаев, БҚО полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Е.Назаров, СПИД орталығының маманы Г.Б.Куанышева, эпидимиолог дәрігер А.Есболқызы сөз сөйлеп, жастарды салауатты өмір салтын сақтауға шақырды.

https://www.instagram.com/p/Ca9lFtBMJWA/?utm_source=ig_web_copy_link

Нашақорлық – қоғам дерті. Нашақорлықпен күресу барлық адамның міндеті. Осыған орай колледжде 13 қыркүйек күні 1 курс студенттерімен облыстық психонаркологиya диспансерінің жоғары дәрежелі психиатр наркологи Н.Ф.Сатанов мен Орал қаласының қоғамдық кеңесінің мүшесі М.С.Давлетжанов кездесу өткізді. Кездесу барысында студенттерге нашақорлықтың зияны, оның адамға әкелер зардабы жайлы баяндап, есірткі қылмысын жасағандарға қатысты қолданылатын жаза түрлеріне де тоқтала кетті. Өз сөздерінде қонақтар жастарды салауатты өмір салтын ұстанып, білімді шәкірт, білікті маман болуға шақырды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Колледж қабырғасында тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мақсатында 2018 жылдың қыркүйек-қазан айларында тазалық айлығы ұйымдастырылды. Бұл айлыққа колледж әкімшілігі мен студенттері қатысты.

https://www.instagram.com/p/Bv6mo_ghkaj/?utm_source=ig_web_copy_link

2018 жылдың 19 желтоқсаны күні КАЗИИТУ ғылыми білім кешенінің студенттерімен бірлесе отырып, Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің студент жастары сенбілік ұйымдастырып, 120 студент қар тазалау жұмыстарына қатысты.

https://www.instagram.com/p/Bugs9mWhWBG/?utm_source=ig_web_copy_link

2019 жылдың 30 қаңтарында колледжі әкімшілігі және еріктілері жалпы қалалық сенбілікке шықты. Еріктілер 94 жастағы Ұлы Отан соғысы ардагері, жалғыз басты қарияның үйінің қарын тазалап берді. Қария жастармен өз естеліктерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/BtlTydJBKga/?utm_source=ig_web_copy_link

2 наурыз күні колледждің педагог – ұйымдастырушысы З.М.Иргалиева, колледж әдіскері А.Б.Джумағалиева және арнайы пәндер оқытушысы А.М.Мухамбетов бастаған бір топ еріктілермен қалалық сенбілікке шығып, белгіленген аумақты қардан тазалады.

https://www.instagram.com/p/Bv6mo_ghkaj/?utm_source=ig_web_copy_link

19 қыркүйекте М.Өтемісов атындағы БҚМУ-де қоғамда өз орнын тапқан тұлғаларды жастармен кездестіру арқылы олардың бизнестегі, қызметтегі шығармашылық және еңбек жолымен бөлісуге мүмкіндік беру мақсатында өткен «Жастар жалыны» атты мотивациялық кешке «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының 2 курс студенттері қатысып қайтты.

Сенбілік – тазалық кепілі. Таза қаланың тынысы кең. Үйреншікті үрдіске айналған сенбілік қаламыздың көркеюіне көп үлесін қосуда. Қыркүйек – қазан айларында өткен жалпы қалалық сенбілікке колледж студенттері мен оқытушылары белсенді түрде ат салысты. Жалпы қалалық сенбілік қала көшелеріндегі тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне қоғам назарын аудартуға бағытталған.

https://www.instagram.com/p/BwL1UUmhN2e/?utm_source=ig_web_copy_link

27 қыркүйекте колледждің өзін-өзі басқару ұйымының студенттері мен колледж белсенділері Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрында жас кәсіпкерлер, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, қалалық мәслихат депутаттары және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ өз жобаларын табысты жүзеге асырған тәжірибелі кәсіпкерлердің қатысуымен өткен «Жас кәсіпкерлер – 2019» форумы қатысты. Жастардың бұл форумнан алғаны мол. Мұнда кәсіпті қалай жүргізу керек, оны дамытудың жолдары егжей - тегжейлі айтылды. Және де бизнес саласында қатарластарынан озық жүрген азаматтардың жеткен жетістіктері баяндалды. Бизнес бастауға талаптанған талапкерлер кәсіпкерлермен жүздесіп, тәжірибе алмасты. Іс-шарада қалалық дәріханалар желісін ашу, ірімшік өндіру және Монтессори балалардың түзету-дамыту орталығын ашу сияқты іске

асырылған жобалар тәжірибесі талданды. «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің студенттері де тыңдаушыларға өздерінің бизнес идеяларын ұсынды. Форум қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға қала әкімінің атынан ел экономикасының тұрақты дамуына қосқан үлесі үшін алғыс хаттар табыс етілді.

11-12 қазан күндері колледждің өзін-өзі басқару ұйымының студенттері БҚО әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық ортылығы «Enactus Kazakhstan» халықаралық ұйымымен бірлесіп ұйымдастырған «Жастар бизнес» форумына қатысты.

Таза қаланың тынысы кең. Үйреншікті үрдіске айналған сенбілік қаламыздың көркеюіне көп үлесін қосуда. Қазан – қараша айларында өткен жалпы қалалық сенбіліктерге біздің колледждің оқытушылары мен студенттері белсенді түрде ат салысып қатысты. Білім ордамыздың ауласын және оған жанай орналасқан көшелердің бойын тазартуға жұмыла кіріскен студенттер мен оқытушылар аз уақыттың ішінде айналы тазартып, келбеті келісті болуы үшін тер төкті. Тазалық шарасына қатысушылар қажетті құрал-жабдықтармен, күрек, тырнауыш, қолғаптар мен қоқыс салатын қаптармен қамтамасыз етілді. Жалпы қалалық сенбілік қала көшелеріндегі тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне қоғам назарын аудартуға бағытталған. Әр күн, әр ай тазалық күні, тазалық айы болуы тиіс.

https://www.instagram.com/p/CHICu6dIF3E/?utm_medium=copy_link

2021 жылдың 25 қыркүйегінде ұйымдастырылған қалалық санитарлық-экологиялық сенбілікке колледж студенттері белсене атсалысты. Қала көшелерін тазалау жұмыстарына 50 студент жұмылдырылды.

https://www.instagram.com/p/CVijjQ0MGUO/?utm_source=ig_web_copy_link

Көркем-эстетикалық тәрбие

9 қыркүйек күні колледж оқытушылары мен студенттері «Қала күні» мерекесі аясында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Гүлдер фестиваліне» қатысып, «Болашақтың қаласы» тақырыбындағы жобасын таныстырды. Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады. https://www.instagram.com/p/B2GYTlulxSd/?utm_source=ig_web_copy_link

2018 жылдың 30 қазанында, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ұйымдастыруымен облыстық оқу орындары арасында өткен «Ана тілі аруы» атты байқауына «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студенті Г.Қалиуллина қатысып, «Ең ақылды ару» атты номинация иеленді.

Тамыры тереңге жайылған тарихы бар, қайраткер тұлғаларымен, күй дүлдүлдерімен, ел қамын жырлаған ақындарымен танылған өлке қасиетті Жайық жеріндегі қала күні мерекесі жыл сайын өз дәрежесінде атап өтілуде. Аталмыш шараға колледж ұжымы мен студенттері де белсенді атсалысып, «Қала күні – 2019» мерекелік бағдарламасы аясында өткізілген көрмеге қатысты.

https://www.instagram.com/p/B2GU_6nlNPw/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазан айында «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде Қазақстан Халқы Ассамблеясының БҚО филиалымен бірге шешен-ингуш әйелінің күні атап өтілді. Бұл күн шешен әйелдері мен қыздарының ерлігі мен намысқойлығына құрмет ретінде аталып өтіледі.

Театр – өмір айнасы. Колледж ұжымы студенттермен бірге ақпан айында Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрында «Жусан» психологиялық драмасын және Островский атындағы орыс драма театрында «Жәңгір хан» қойылымдарын тамашалады.

Халықаралық студенттер күніне орай қараша айында колледж студенттері арасында «Күз ханшайымы - 2020» байқауы өткізілді. Студенттердің танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту, қазақ халқының ұлттық мәдениетін дәріптеу мақсатында өткен байқауға колледждің 1-2 курс студенттері қатысты. Байқау қорытындысы бойынша «Есеп және аудит» мамандығының 2 курс студенті А.Нурбаулова бас жүлде, «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының 1 курс студенті Д.Гумарова 1 орын,

«Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті Э.Китарова 2 орын, «Менеджмент» мамандығының 2 курс студенті Г.Гайсиева 3 орын жеңімпазы атанып, «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті В.Мамедова «Көгермендер көзайымы» номинациясын жеңіп алды. Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CHKEaCalazj/?utm_medium=copy_link).

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

2018 жылдың 25 қыркүйегінде Облыстық жастар және оқушылар сарайындағы «BASTAU» коворкинг орталығында волонтер Д.Аққожамен тренинг өтті, тренингке колледж еріктілері мен педагог – организатор З.М.Иргалиева қатысып, тәжірибе алмасты. Тренинг соңында қатысушыларға сертификатпен табысталды.

28 ақпан күні колледж қабырғасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Цифрлық Оқу орны» атты облыстық инновациялық жобалар байқауы оздырылды. Байқауға колледждің «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының 3 курс студенті А.Чинбаев қатысып, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

27-28 ақпан күні Жастар және оқушылар сарайында «Хакатон» байқауы оздырылды. Бұл байқауға колледж студенттері қатысып, тәжірибе алмасты.

https://www.instagram.com/p/Bud3wbMBbwK/?utm_source=ig_web_copy_link

5 сәуір күні «КазИИТУ» ғылыми білім кешенінде «KAZIITU STARTUP – 2019» байқауы оздырылды. Бұл жобаға колледж студенттері жұмылдырылып, әр студент өзінің жобасы қорғады. «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенттері Қ.Тұяқбаев пен Е.Айболатовтың «Paradise Home» атты жобасы ІІІ орын иеленіп, «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының 3 курс студенттері А.Чинбаев, Б.Жумагереев, Е.Жарулла «KAZIITU STARTUP – 2019» қатысқаны үшін дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Bug0MYUBquq/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазан айында БҚО жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы және «Орал» студенттер альянсы корпоративтік қорының қолдауымен өткен студенттер арасындағы «Брейн - Ринг» интеллектуалдық ойынына белсене қатысқаны үшін колледждің «Элегант», «Fire» командалары алғыс хатпен марапатталды.

Қазан айында «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенінде дәстүрлі түрде «Ұстаздар мерекесі» атап өтілді. Мерекелік шарада ғылыми-білім құрылтайшысы Ақсерік Сарыұлы профессорлық – оқытушылар құрамын кәсіби мерекелерімен құттықтады және жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаздардың еңбегінің мол екендігіне тоқталып, жұмыстарына шығармашылық табыс тіледі. Ұстаздар мерекесі «Не? Қайда? Қашан?» атты интеллектуалдық ойынмен жалғасты. Колледждің оқытушыларынан құралған құрама команда сайыс нәтижесі бойынша жүлделі үшінші орын алды.

https://www.instagram.com/p/B3OWDbxl2Cy/?utm_source=ig_web_copy_link

15 ақпан күні Техникалық және ақпараттық пәндер апталығы аясында арнайы ақпараттық пәндер оқытушылары Н.М.Макишева мен Н.Н.Суиншкалиеваның ұйымдастыруымен "Ғажайып алаң" сайысы өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша «Банк және сақтандыру ісі» мамандығының Г-212 топ студенті А.Ғарифулла 1 орын, «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының Г-112 топ студенті Д.Есқазы 2 орын, «Банк және сақтандыру ісі» мамандығының Г-212 топ студенті А.Наурызбай мен «Есеп және аудит» мамандығының Г-312 топ студенті К.Габдушев 3 орынға ие болды.

https://www.instagram.com/p/CaEFW2vKc2f/?utm_source=ig_web_copy_link

17 ақпан күні өткен ГИ-42 студенттері мен топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен белсенді көшбасшы жастарды анықтау, студенттердің ойлау, сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында Smart Students апталығы бойынша IQ Game ойыны өтті. Ойынға ГИ-22, Грс-22 топтары белсене қатысып, сұрақтарға жауап беріп, нәтижесінде жүлделі орындар иеленген студенттер топ жарыс ой ұшқырлығымен биік жетістіктермен көріне білді.

https://www.instagram.com/p/CaFbHvRsBwY/?utm_source=ig_web_copy_link

Діни экстримизм

2018 жылдың 26 қыркүйегінде колледж қабырғасында Облыстық діни басқармасының теолог мамандармен кездесу өтті. Дөңгелек үстел ашық диалог түрінде ұйымдастырылды. Шараға ҚазУИТС «Қоғамдық – гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі С.Т.Исағалиев қатысты. Бұл жиынға 150 студент қатысып, өздерінің сұрақтарына жауап алды.

12 қазан күні колледждің «Астана» конференция залында «Интеграл» БҚО жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Өрле Қазақстан» жастар ақпараттық түсіндірме тобы кездесу өтті. Мұндағы негізгі бағыт жастар саясатын көтеру, жастардың бос уақыттарын тиімді өткізу, құқық бұзушылықтың алдын алу, жастарға бастама жасау және жастарды теолог мамандармен кездестіру болды. Дөңгелек үстел ашық диалог түрінде өтті, студенттер өздерінің қызығушықтары бойынша дін мәселесі, бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатындағы үйірмелер, шет тілі курстары жайындағы сұрақтарын жолдады.

Жоғарғы оқу орындары және орта арнаулы оқу орындарының I курс студенттері арасында діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бағытындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін, 29 қазан күні «Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық» колледжінде БҚО ДІБ Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім басшысы С.Сақауова және БҚО ДІБ Дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушы маманы С.Исағалиевамен кездесу өткізілді. Кездесудің мақсаты Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекет саясатының 2018-2020 жыл арналған тұжырымдамасының басым бағыттары, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру, теріс діни ағымдардың жастар арасында таралуының алдын алу, деструктивті діни ағымдар олардың қызметі туралы шынайы ақпараттарды тарату, Қазақстандағы діни ахуалды студент жастарға жеткізу. Дөңгелек үстелге 150 студент қатысты.

31 қазан күні «Астана» конференция залында тәрбие бөлімі және топ кураторларының ұйымдастыруымен «Жастар – діни экстремизм және терроризмге қарсы» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде студенттер өздері дайындаған мақалаларын оқыды.

6 қараша күні Орал қалалық ішкі саясат бөлімі ұйымдастыруымен, ЖОО және колледждердің 1-2 курс студенттеріне жат ағымдарға қарсы иммунитетін қалыптастыру және қазіргі таңдағы өзекті мәселелер – терроризм мен діни экстремизмді алдын – алу мақсатында түсірілген кинофильмге колледжден 75 студент қатысып, «Шестой пост» кинофильмді тамашалады.

8 қараша күні Дін мәселесі бойынша АТТ тобының ЖОО және арнаулы орта оқу орындары студенттерімен кездесу өтті. «Экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандар арасында жұмыс жүргізу» жол картасының 34 тармағы бойынша экскурсиялық жұмыстар жүргізілді.

Студенттер арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясына қарсы иммунитет қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында Дін істері басқармасының тапсырысы бойынша түсірілген «Садақаның пайдасы», «Көркем мінез», «Сириядан оралған азаматтың тәубесі», «Сиқырлы кітап», «Ұстазсыз шәкірт», «Хакім Абай» атты қысқаметражды бейнероликтер көрсетілді.

2019 жылдың 30 қыркүйегі күні колледждің тәрбие жоспарына сай «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында 1,2 курс студенттері Дін саласы бойынша облыстық АТТ мүшесі, дінтанушы маман Б.Самиғолла мен ДМЗО ақпаратты түсіндіру жұмыстарының инспекторы А.Асановамен кездесті. Кездесудің негізгі мақсаты - жастар арасындағы діни ағымдарды ажырата білу, тыйым салынған сайттарға кірмеу, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, ескерту және оған жол бермеу.

2021 жылдың 29 қазанында колледж студенттері БҚО Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушы маманы Ш.Б.Мирбекұлымен онлайн кездесуге қатысып, еліміздегі діни ахуал туралы маңызды ақпарат тыңдап, сұрақтарына жауап алды.

Діни экстремизм және терроризмнің алдын – алу бағытындағы ақпараттық – түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу мақсатында 15 қазанда «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында Қарағанды қаласы «ҚАЗЫБЕК би» қалалық мешітінің ұстазы А.Омармен кездесуге колледждің 2-3 студенттері қатысты. Кездесуде студенттерге әлеуметтік желілердің зияны мен пайдасы, өз дініміздің қадір-қасиеті, ата-ана, туысқандар қадірі, қарқоз қыздарымыздың болашағы тақырыбында мол мағлұмат берілді.


https://www.instagram.com/p/CVKUcStMknN/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылдың қыркүйек айында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының профессоры, философия ғылымдарының доценті Г.Ж.Жұманова және Ақтөбе облысы «Ихсан» орталығы қоғамдық бірлестігінің психолог маманы Э.Қ.Әділханова “Қоғам қауіпсіздігі - діни сауаттылықта” тақырыбында колледж қыздарымен кездесу өткізіп, дін жолында адаспау, орны толмас қателіктерге ұрынбас үшін білім алу мен ізденістің маңызды екеніне тоқталып кетті.

https://www.instagram.com/p/CVKU755MpbR/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқу жылдары	Дін жолындағы студенттер	ИДН есебінде тұрған студенттер	Колледжішілік есепте тұрған студенттер
2018 - 2019	0	0	5
2019-2020	4	3	2
2020-2021	3	3	4
2021-2022	3	1	6
2022-2023	2	1	0

«Ізгілік» еріктілер тобының мониторингі



- 2018-2019 оқу жылында ПБ есепте тұрған студент жоқ, колледжішілік есепте студент; 5
- 2019-2020 оқу жылында ПБ есепте тұрған 3 студент, колледжішілік есепте студент; 2
- 2020-2021 оқу жылында ПБ есепте тұрған студент 3, колледжішілік есепте студент; 4
- 2021-2022 оқу жылында ПБ есепте тұрған студент 1, колледж ішілік есепте студент; 6
- 2022-2023 оқу жылында ПБ есепте тұрған студент 1, колледжішілік есепте студент; 5

Колледжішілік есепке себепсіз жиі сабаққа қатыспайтын, үнемі кешігетін және ішкі тәптіп ережелерін бұзған студенттер алынса, ПБ –де құқық бұзушылық жасаған жасөспірімдер

тіркеліп отырды. Бұл студенттерімен педагог-психолог жеке жұмыстанып, ата-аналарымен кездесулер жүргізіліп отырады.

2018-2019 оқу жылындағы жетістіктер.

12-13 сәуір күні Х.Бөкеева атындағы облыстық Қазақ Драма театрында «Инженерлік ғылым, жастар және ғарыш – Қазақстан мен Ресей арасындағы Халықаралық байланыстардың инновациялық дамуының негізгі факторы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Бұл конференцияға «ҚазИИТУ» ғылыми білім кешенінің ұжымы, арнаулы шақырылған қонақтар, колледж ұжымы және студенттері қатысты. Конференцияға арнайы дайындалған көрме барысында колледж студенттері қатысушыларды ғылыми жобаларымен таныстырды. Конференция соңында «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студентті Тұяқбаев Қаламгер Ғарышкерлер күніне арналған «Инженерлік ғылым, жастар және ғарыш – Қазақстан мен Ресей арасындағы Халықаралық байланыстардың инновациялық дамуының негізгі факторы» «Электр энергетикасы, баламалы энергетика» тақырыбында оқушылар мен студенттер арасында халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның көрме – байқауына ІІ орын иеленді. «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» 3 курс студентті Жумагулов Бекзат «Smart city – цифрлық Қазақстан» тақырыбында оқушылар мен студенттер арасында халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның көрме – байқауына ІІ орынды иеленсе, дәл осындай тақырыпта «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» 3 курс студентті Жарулла Ербулан ІІІ орын иеленді.

24 сәуір күні Орал қаласының колледждері арасындағы WoldSkills ІІ облыстық конкурсы болды. Оған жалпы пәндер оқытушылары Н.Н. Суйншкалиева, Н.М. Макишева, Л.М. Есенғалиева, М.М. Мусин, Ж.Е. Нурулина, Н.Д. Айталипова жетекші және эксперттер ретінде қатысты. Веб дизайн және графикалық компетенциясы бойынша «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студентті Үмбет Мирас және «Кәсіптік білім беру» мамандығының 3 курс студентті Зайзуллин Дастан қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша Зайдуллин Дастан «Үздік маман» номинациясын иеленді.

17 мамыр күні Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің белсенді студенттері Зайзуллин Дастан, Үмбет Мирас, Тұяқбаев Қаламгер «Ақжайық» телеарнасындағы «Озық ойлар отауы» атты телебағдарламасында сұхбат берді. Осы күні «ҚазИИТУ» ғылыми білім кешенінің Студенттер сарайында «Жайықтың Жұбаны жырлайды» атты сайыс өтті. Сайыста Жұбан ақынның өлеңдері оқылып, Жұбан ақынға арналған арнаулар жырланды. Сайыста колледждің намысын «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығының 1 курс студентті Кендебай Думан, «Автомобиль жолдары және аэродром құрылысы» мамандығының 1 курс студентті Ғалымжанов Актілек және «Кәсіптік білім беру» мамандығының 3 курс студентті Касаева Құндыз қатысып, алғыс хаттармен марапатталды.

2018-2019 оқу жылындағы ТЖКББҰ оқушылары оздырылған облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардың қорытындысы

Облыстық, республикалық және халықаралық байқаудың атауы	Нәтижесі	Оқушының аты-жөні	Жетекшісінің аты-жөні	Жылы
Облыстық инновациялық жобалар байқауы «Цифрлы оқу орны»	ІІІ дәрежелі диплом	Чинбаев Арман	Н.Д.Айталипова	2019ж
«COLLEGE STARTUP» облыстық бизнес жобалар байқауы	«Үздік жоба» номинациясы	Жұмағұлов Бекзат	Н.Д.Айталипова	2019ж
«COLLEGE STARTUP» облыстық бизнес жобалар	Сертификат	Жарулла Ербулан	Н.Д.Айталипова	2019ж

байқауы				
«COLLEGE STARTUP» облыстық бизнес жобалар байқауы	Сертификат	Аскарова Динара	Н.Д.Айталипова	2019ж
«Кітап оқитын колледж» облыстық байқауы	Қатысқаны туралы сертификат	Калиуллиан Гулстан	А.Хамидуллина	2018ж
«Жұбан оқулары» облыстық байқауы	Алғыс хат	Кендебай Думан	А.Б. Джумағалиева	2018ж
«Жұбан оқулары» облыстық байқауы	Алғыс хат	Айболатов Ермахан	Г.А.Нуржанова	2018ж
БҚО Білім Басқармасы, Адамзат таныған ұлы тұлға Шаһкәрім атты облыстық көрермен оқырман	Алғыс хат Үздік буктрейлер	Мұхтаров Досхан	Г.А.Нуржанова	2018ж
«Физика» пәнінен Республикалық олимпиада	I дәрежелі диплом	Ғиниятов Алғадай Жүсіпова Салтанат	А.Н.Иманғалиева	2019ж
КАЗИИТУ ҒБК өткен «Алаш және жастар» ғылыми-практикалық конференциясы	II дәрежелі диплом	Тұяқбаев Каламгер	Н.М.Макишева	2019ж
БҚО Білім Басқармасы, «Цифрлы оқу орны» инновациялық жобалар байқауы	Сертификат	Шаймардан Аманбек	Н.М.Макишева	2019ж
«WorldSkills Kazakhstan» 2019өңірлік чемпионатында «Веб дизайн» құзыреттілігі	Сертификат	Үмбет Мирас	Н.М.Макишева	2019ж
«WorldSkills Kazakhstan» 2019өңірлік чемпионатында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі	Сертификат	Зайзуллин Дастан	Н.Н.Суйншкалиев а	2019ж
«WorldSkills Kazakhstan» 2019 өңірлік чемпионатында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі	Сертификат	Жұмағалиев Нұрбақыт	Ж.Е.Нурулина	2019ж
ҚР ҰКП «Kazitu Startup-2019»	Сертификат	Щевченко Дарья	А.В.Михайленко	2019ж
БҚО Білім Басқармасы, Экономика пәнінен олимпиада	Сертификат	Косянова Елена	А.В.Михайленко	2018ж
XIV Жас дарын байқауы	Диплом	Кендебай Думан	А.Б.Джумағалиев а	2018ж.
Рухани жаңғыру аясында	«Ақылды	Калиуллиан	А.Б.	2018ж

өткізген «Ана тілі аруы»	аруы»	Гулстан	Джумагалиева	
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Үздік педагог олимпиадасы	Сертификаты	Қиюбек Айда	А.Б. Джумагалиева	2019ж
Желтоқсан айында психологтың кезекті жоспарына сәйкес «эмоционалды-ерік диагностикасы» А.Ассингера бейімдеген әдістемесі, Сауалнама: «Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым- қатынас», «ВИЧ- туралы біз қаншалықты білеміз» сауалнамалар өткізілді. Сонымен қатар, депрессиялық көңіл-күй жағдайын анықтау мақсатында Зунге әдістемесі жүргізілді. Бірінші курс студенттеріне «Қарым – қатынас», «Қарама қайшылықтың алдын алу түрлері» тренинг өткізілді. Группаның ішінде бір- біріне қарым-қатынасты бірігіп, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, студенттердің өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, емтихан кезіндегі қобалжу мен стресс деңгейін жою мақсаттарында тренингтер өтті.

Рухани адамгершілік дүниетаным тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырулды. Әр группада «Есте сақтаудың белсенді әдістері» психологиялық кеңестер берілді.

Сонымен қоса әр аттестациядан кейін өткізілетін топтар арасында ата-аналар жиналысына да қатыстым. Жиналыс барысында ата-аналарға қазіргі уақыттағы жасөспірімдердің алаңдататын негізгі мәселесі төңірегінде, ата-аналармен ғаламдық проблемалық жағдаяттарды қозғай отырып кең ауқымда, жасөспірімдердің психологиялық ахуалын жан-жақты сұрақтар қойылып, отырыс соңында сауалнамалар үйлестіріліп, кейбір ата-аналармен телефон алмасып балаларының болашағына алаңдаған ата-аналармен тығыз бірлесе арықарай жұмыс жүргізіп келемін. Сонымен қатар «Әлеуметтік желілерді талдау»

мониторингына байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Онлайн орта» «Кризистен шығу» бейнероликтері көрсетілді.

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру бойынша: «Батыс Қазақстан облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» БҚО әкімдігінің №5 қаулысы 13.01.2015 жылғы «Оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау және педагогтар мен оқушылар, сонымен қатар оқушылар арасында шиеленіс жағдайды болдырмау үшін білім беру ұйымдары басшылары мен педагог қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру туралы» бекітілген бұйрығымен жұмыстанудағы колледж психологының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары құрылып, колледж директоры Буранова Айдана Табылдиевнаның бекітуімен жүзеге асуда.


Жалпы адамзат баласын оқыту мен тәрбиелеу белгілі бір ережелер мен заңдылықтарды, кезеңдерді қамтиды. Жалпы білім беру оқытудан, дамытудан, тәрбиелеуден тұратын болса ал психологтың негізгі мақсаты: Білім алушы мен білім берушінің бірлескен іс-әрекеті қарсаңында, психологиялық тұрғыдан кеңес беру, сонымен қатар тұлғаға келешектегі өміріне байланысты бағыттау. Осы колледжде психолог мамандығы бойынша жұмыстанғаннан бастап сабақ өткізетін және де басқа да топ студенттерімен кездесе отырып оларға «Психологиялық кеңестің» бар екендігі ескертілді. Студенттер өздерін мазалаған сұрақтарымен кез-келген уақытта жекелеген сұрақтары бойынша психологиялық кеңеске жүгінді. Психолог жұмысынан басқа сабақтар жүргізетін болғандықтан, кеңес беру уақытына шектеу қойылған жоқ. Яғни кез-келген уақытта балалар өздерін мазалаған сұрақтарымен келді. Жекелеген отырыстарда түрлі бағытта анкеталар, тренингтер, психологиялық сергіту ойындары және т.б. жүргізілді. Бөлім меңгерушілерімен біріге топ кураторлары өткізген ата-аналар жиналысына қатысып, психологиялық сауалнамалар жүргізіліп, ата-аналарға психологиялық кеңестер беріліп, оларға колледжде психологиялық кеңестің бар екендігі ескертілді. Жоғарыдағы бұйрықта бекітілгендей психологтың ата-аналармен, студенттермен және оқытушылармен жұмыс, сонымен қатар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттермен әңгімелесу, жеке кеңестер, олармен тығыз қарым-қатынаста болу шаралары ұйымдастыру, колледж психологының жеке жұмыс дәптері, колледждің әрбір студенті үшін «Студенттің жеке картасы», яғни әр баланың мінез-құлық әрекеті, жанұя жағдайы көрсетіледі.

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінде 2021-2022 оқу жылында бір педагог-психолог қызмет атқарады. Шуппасова Жаслина Асқаровна. 2021-2022 оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылып келеді. Психологиялық қызмет жұмысының жылдық перспективалық жоспары және түрлі бағыттар бойынша жоспар жасалуда. Оқу-тәрбие процесіне қатысып, студенттердің, оқытушылардың іс-әрекеттері бақыланған.

Колледждегі психологиялық қызметтің студенттер, ата-аналар, әкімшілік, педагогтармен жүргізілген жұмыстарына жекелей тоқталып кетер болсақ, 1-4 курс студенттеріне психодиагностикалық, психологиялық кеңес, психопрофилактика, психокоррекция, ағартушылық жұмыстары қажеттілігіне орай жүргізіліп отырған. Мысалы, 1 курс студенттеріне танымдық қабілеттеріне, жанұясымен, группаластарымен өзара қарым-қатынастарына, колледж мотивтеріне, пәнге, оқудан тыс қызығушылықтары мен бейімдеріне диагностикалық, дамытушылық жұмыстары жүргізілген.

1 курс студенттері арасында бейімделушілік деңгейлеріне байланысты сауалнама өткізілді. Сауалнаманың қорытындысы бойынша, бірінші курс студенттерінің арасында бейімделушілік деңгейі «орташа» деп бағаланды. Оқытушылар мен студенттер арасында, студент пен студент арасындағы қарым-қатынас деңгейі кей топтарда орташа болса кей топтарда өте жоғары деңгейде екендігін көрсетті.

№	Сауалнама сұрақтары	А	Б	В	Г
1	Сізге колледж туралы ақпарат көзі кім болды?	50%	50%		
2	Саған колледж ұнайды ма?	100%			
3	Сіз сабақ кестесіне үлгеріп жүрсіз бе?	100%			
4	Сабақ кестесіне үлгере алмаушылықтарға байланысты медицина көзқарасың өзгерді ме?	100%			
5	Колледж оқытушыларының сабақ өткізу әдісі қалай?	50%	50%		
6	Топтағы білім алушылармен ара-қатынасын қандай		100%		
7	Колледж өміріне бейімделуде қиындықтар барма?		100%		
8	Қазіргі кезде сіз болашақ мамандықтың ерекшелігін білесіз бе	60%	40%		
9	Топ жетекшінің тарапынан қолдау көмектері барма	100%			




Оқуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында 1 курс студенттеріне «Л.В.Байбородовой, О.В.Окунева. Колледж мотивациясының диагностикасы» атты тест өткізілген. Тест қорытындысы бойынша 1 курс студенттерінің оқу мотивациясы бір қалыпты екені анықталған.

2-3 курстарға колледж мазасыздығын анықтап, группа арасында тұлғааралық қарым-қатынас, сауалнама анкеталар, тәрбиелік бағыттағы топтық шаралар жүргізілген. 1 курс студенттеріне Айзенктің тұлға темпераментін анықтауға арналған сауалнамасы өткізілді.

Жоспарға сай қазан айында студенттердің өзін-өзі бағалау деңгейін және бойларындағы қобалжу деңгейін анықтау мақсатында «Кондаш» әдістемесі өткізілді.

«Кондаштың қобалжу деңгейін анықтау әдістемесі»



6 желтоқсан күні «ЖҚТБ –ғасыр дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда қоғам дауына айналған ауру туралы студенттерге «ЖҚТБ/АҚТҚ дегеніміз не, АҚТҚ қандай жолдармен жұғады жайлы түсінік беру. Колледж психологы адамның АҚТҚ-мен

зақымданғандығын сыртқы келбетінен, АҚТҚ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болатындығы жайлы түсінік берді.

Өмірге позитивті көзқарас жұмыс жоспары бойынша жыл басынан бастап жоспарға сай диагностикалық, түзету- дамыту жұмысы, психологиялық профилактикалық, ағартушылық кеңес жұмысы секілді көптеген жұмыстар атқарылған. «Мен өмірді сүйемін», «Біз өмірді таңдаймыз», «Өмір қымбатсың маған» тақырыбында тренингтар жүргізілді.

Салауатты өмір салтының негізгі бағыттарының бірі жас ұрпақты адамгершілік - жыныстық тәрбиелеу болып табылады. Жасөспірімдерде өз денесінің де, қарама-қарсы жыныстың да физиологиялық өзгерістеріне саналы көзқарастарын қалыптастыруы қажет. 1-2 курс арасында адамгершілік - жыныстық тәрбие туралы білім деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сонымен қатар, дұрыс бағыттағы діни түсініктері туралы білу, діни көзқарастарын анықтау мақсатында «Діни экстремизм туралы не білеміз?» сауалнамасы өткізілді

Желтоқсан айларында тұлғааралық қатынасты анықтау мақсатында В.Ф.Ряховскийдің «Қарым – қатынас компетенттілігін анықтауға арналған» әдістемесі өткізілді.

Адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту мен жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту, студенттердің ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Өмір қымбатсың маған» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында студенттер ойындарға белсене қатысты.

Желтоқсан айында ағартушылық жұмысы бойынша «ЖҚТБ –ғасыр дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда қоғам дауына айналған ауру туралы студенттерге «ЖҚТБ/АҚТҚ дегеніміз не, АҚТҚ қандай жолдармен жұғады жайлы түсінік беру. Колледж психологы адамның АҚТҚ-мен зақымданғандығын сыртқы келбетінен, АҚТҚ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болатындығы жайлы түсінік берді. «ЖҚТБ-ға қарсы қарапайым ережелер» атты бейнеролик көрсетілді. АҚТҚ мен ЖҚТБ-дан қалай сақтану керек екенін білесің бе?, ЖҚТБ-дертінен сақтану іс-шаралары туралы жоғары сынып оқушылары арасында пікіралмасу, ой бөлісу болды. Дөңгелек үстел аясында АҚТҚ/ЖҚТБ туралы, салауатты өмір салтын, тәртіп мәдениетін ұстану ұғымдары тереңдей түсті.

Психологиялық профилактика бойынша «Менің жетістіктерім», «Қарым-қатынас», «Қарама-қайшылықтың алдын-алу түрлері» тренингтері оздырылды. Қаңтар айында топ жетекшісінің жұмысын студенттердің бағалауы бойынша «Менің топ жетекшім» сауалнамасы 1 курс студенттеріне өткізілді.

Құқықбұзушылық және діни экстремизмнің алдын алу бағыты жұмыс жоспары бойынша атқарылған ағартушылық-кеңес жұмысына тоқталатын болсам: Нашақорлық заттардың адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, саналы да, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында колледж студенттеріне «Біз нашақорлыққа қарсымыз» тақырыбында тренинг, баяндама оқылды.

Колледж оқытушыларына интернет, элеуметтік желі, түрлі сайт арқылы «Буллинг және Кибербуллинг» атты тақырыбында баяндама оқылды.

Колледжімізде 2021 жылдың 11 қазан Халықаралық қыздар күніне орай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дуйсенғалиева Арайлым Ермековна және психологтың ұйымдастыруымен, колледж медбикесі және Медикер орталығының акушер гинекологы 1-2 курс қыздарының қатысуымен Қазақстан Республикасындағы адамгершілік жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама аясында «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты қыздар жиналысы өткізілді.

Психологиялық профилактикалық жұмыс бойынша «Кішіпейілділік барлық мейірімді істердің патшасы», «Сенімділік күш береді», «Менің жетістіктерім», «Әркім өз алдындағы жауапкершілікті сезінсін», «Түрлі жас кезеңіндегі жыныстық психология» т.б, тренинг жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу барысында студенттерден «Бопсалау дегеніміз не?» қалай түсінетінін, жоғарғы сыныптардан әлімжеттік, жәбір көріп

жүргенін білу, анықтау жұмыстары, сауалнамалары алынып студенттердің құқықтық білімдерін анықталды.

Колледждің белсенді студенттері мен психолог маман ата-аналардың балалар алдындағы жауапкершілікті сезіну, оларға қамқор болуға және қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында студенттер көше мен үй бойларына жаднамалар таратылды.

Жасөспірімдерге зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу мақсатында ата-аналарға «Зорлық-зомбылықсыз жасөспірімдік шақ» тақырыбында баяндама оқылып, тренинг өткізілді.

Жоспарда бекітіліп, көрсетілген мәселелер бойынша жұмыстар жүргізіліп, жүзеге асырылды. Психолог ретінде өз жұмысымды қорытындылай болсам, келешек ұрпақтың тәрбиесін терең ой елегінен өткізіп, әр студент пен оқытушыны, сонымен қатар ата-аналарды ойландыруы қажет, яғни жастардың болашағына немқұрайлы қарамай әрбір баламен тығыз қарым-қатынаста орнату керектігін алға тартамын.

«Тәрбиенің мәні аға ұрпақтың өз тәжірибесін, өз құштарлығын, өз сенімін жас ұрпаққа жеткізу болып табылады.», - деп А.С. Макаренко айтқандай алдымызға келген әр баламен жұмыс жасайтын болсақ, болашақта мол үміт күттірер саналы, тұлғалы, рухы биік жастарымыз көп болары сөзсіз.

7. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің балансында қазіргі заман талаптарына сәйкес оқу үрдісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық техникалық базасы бар. Қазіргі уақытта колледж балансында төмендегідей оқу-әкімшілік ғимараттар бар: оқу ғимараттары, спортзал, асхана, жалпы білім беретін пәндер кабинеттері, арнайы пәндер кабинеттері, ашық спорт алаңы, шеберханалар..

Барлық оқу кабинеттер мен шеберханалар қажетті құрал-жабдықтар мен саймандармен қамтамасыз етілген.

Колледжде компьютерлермен және техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған кабинеттер бар.

Колледж әкімшілігі материалдық-техникалық ресурстарды үнемі жаңартып жетілдіру бағытында жұмыстанады.

Техникалық қызмет және капиталды және ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптар және өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауға үнемі көңіл бөлінеді. Шеберханалар өрт сөндіру құралдарының, жұмысшылардың жеке және ұжымдық қорғану құралдарының паспорты бар.

Колледжің барлық ғимараттарына да бейне бақылау орнатылған.

Колледж қызметінің қаржыландырылуы өзінің және жергілікті бюджеттен жүзеге асады.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырыспен оқитын оқушыларға жұмсалатын қаржы мөлшері кестеде келтірілген.

Оқушыларға бөлінген жергілікті бюджет шығындары, мың.тенге

Жылдар	Жоспарланған қаржы	Жергілікті бюджет суммасы, мың тенге				
		Жұмсалған қаржы				
		Жалақы	Әлеуметтік шығын	Шәкіртақы	Компенсация	Басқа шығын-

						дар
2018 жыл	59130,00	21727,00	2686,00	28967,00	2320,00	3430,00
2019 жыл	112401,00	39050,00	4296,00	41444,00	4271,00	23340,00
2020 жыл	154332,00	45372,00	4491,00	75530,00	6198,00	22741,00
2021 жыл	225990,00	69569,00	7653,00	86067,00	12958,00	49743,00
2022 жыл	180000,00	48403,00	5809,00	56523,00	9876,00	59389,00

Шәкіртақы алатын оқушылар үлесі, %

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Оқушылар саны	190	232	375	363	375
Шәкіртақы алатындар	176	198	333	315	335
Шәкіртақы алатындар үлесі, %	93%	85%	89%	87%	89%

8. ОҚУ ЗЕРТХАНАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ШЕБЕРХАНАЛАР

МЕББМ «Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі» типтік үлгідегі ғимараттарда орналасқан:

Колледж 2003 жылы құрылды, 1 корпуста тұрады, типтік, жалпы аумағы - 9891 м², жобалық сыйымдылығы – 829 оқушы орны, қабаттылығы 4, қабырға материалының түрі – кірпіш-бетон, ағымдағы жөндеу жұмыстары (әктеу-сырлау, шатырды жөндеу) – жыл сайын жүргізіліп отырады.

Асхана типтік үлгіде, кірпіштен қаланған, шатыры профлистпен күрделген, оқу корпусының сол жақ бөлігіне жалғанып салынған ауданы 714 м² жалпы жобалық қуаты- 260 адамдық орынға есептелген.

Асханасының санитарлық талаптарының, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне және асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауы да уақытылы қадағаланып тұрады.

Жатақхана «Халықаралық цифрлық технологиялар, сәулет және құқық колледжі» аумағында орналасқан. Жатақханада тұратын студент саны: 92 студент. Студенттерге сыпайы қызметкерлер жинап-тазалайтын жанға жайлы әрі таза бөлмелер беріледі. Сонымен қатар жатақхананың әрбір қабатында кір жуатын бөлме, сабақ қарайтын бөлме, демалатын бөлме және екі ас үй бөлмесі бар, олар тәулік бойы қолжетімді. Интернет, кәбілдік теледидар, электр және су сияқты коммуналдық қызмет көрсетулер жалдау ақысына кіргізілген. Жатақхана бүкіл кампус сияқты тәулік бойы күзетіледі.

Спорт залы мамандандырылған (ойын – баскетбол, волейбол). ауданы – 200 м² құрайды. Еден тақталармен жабылған. Қабырғалар сыланған, бояумен боялған, радиаторлар ауа айналымын қамтамасыз ететін алынбалы панельдермен жабылған. Жасанды және табиғи жарықтандыру: терезелер ұзын жағына орналастырылған. Шамдар механикалық зақымданудан торлармен қорғалған. Залдағы снарядтар бекітілген, оқу бағдарламасының талаптарын ескере отырып орналастырылған. Инвентарлық бөлме залға ойық арқылы қосылған, биіктігі мен ені нормаларға сәйкес келеді. Инвентарлық бөлменің ауданы 38 м² құрайды. Бөлме сөрелермен және түгендеуге арналған шкафтармен жабдықталған.

Техникалық және кәсіби мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияларға сәйкес жүргізіледі.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша кабинет саны-11:

Шет тілі – 1

Орыс тілі мен әдебиеті – 1
Қазақ тілі мен әдебиеті – 1
География– 1
Математика – 1
Физика –1
Информатика – 8
«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» кабинеті – 1

Жалпы кәсіптік пәндер бойынша кабинет саны - 2:

«Экономика» кабинеті – 1
«Құқықтану» кабинеті -1

Арнаулы пәндер бойынша кабинеттер, зертханалар және шеберханалар саны-21:

«Студенттердің кәсіби дайындық деңгейін бағалау» кабинеті -1
«Салық Зиманов атындағы құқықтану» кабинеті -1
«Менеджмент» кабинеті -1
«Аударма ісі» кабинеті -1
«Автоматтандырылған жүйелерді ақпараттық қамтамасыз етуді құру және қызмет көрсету» зертханасы -1
«Медиация» кабинеті -1
Криминалистика кабинеті -1
Сот отырысының залы -1
«Digital Hub» кабинеті -1
«Жабдықтар мен автоматика элементтерінің» зертханасы -1
«Құрылыс материалдары мен бұйымдары» кабинеті -1
«Бағдарламалау және есептеу техникасы» зертханасы - 4
Электромонтаждау шеберханасы- 1
Көпарналы телекоммуникациялық жүйелер зертханасы- 1
Цифрлық телекоммуникациялық жүйелер зертханасы -1
«IT технология» лабораториясы -1
Дизайн кабинеті -1
Жаңа оптикалық байланыс жүйесімен жабдықталған АТС зертханасы -1
ТОБЖ қондырғыларын бұзу және қайта жинау зертханасы -1
Талшықты – оптикалық кабельдерді дәнекерлеу зертханасы -1
Жаңа компьютерлік бағдарламалармен жабдықталған ақпараттық орталық -4

Колледждегі оқу кабинеттердің заманауи техникалық құралдармен жабдықталуы теориялық сабақтарды өткізуге, студенттерге толыққанды білім беруге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мол мүмкіндік береді.

Білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының жай-күйі болып табылады.

Оқу шеберханаларын жаңа буынды жабдықтармен жаратқандыру жүргізілуде.

Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламаларына және оқу (таныстыру), өндірістік(технологиялық) және диплом алдындағы жұмыс оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Кәсіптік практиканың әрбір түрінің мақсаттары, міндеттері мен бағдарламасы болады, оларды негізге ала отырып, кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалады.

Атап айтқанда, « Көпарналы телекоммуникациялық жүйелер» зертханасында білім алушылар зертханалық жұмыстарды коммутациялық жүйелердің түйіндеріне түсетін жүктемелерді есептеуді жүргізу, коммутациясы бар және жоқ желілердің талдауын, телекоммуникациялық желілер, жүйелер, блоктарды жоспарлау және жобалау, коммутация жүйелері мен оның бөлек блоктары мен құрылғыларының параметрлерін есептеуді жүзеге асыруды үйренеді.

Сондай-ақ «Электрмонтаждау» зертханасында білім алушылар термосезімтал кварц резонаторында (ТКР модель көмегімен) виртуалды жұмыстар атқара алады.

Физика кабинеттері де зертханалық жұмыстар жүргізу үшін толық жағдай жасалды.

Кабинеттердегі интерактивті тақталар, LSD панельдер мен мультимедиялық подиумдар оқытушыларға сабақ өткізу кезінде мол материал беруге, презентация, бейнероликтер көрсетуге, ал студенттерге жан-жақты білім алуға қолайлы.

«Телекоммуникациялық жүйелер» зертханасында сандық байланыс лабораториялық стендтерімен жабдықтау, заман талабына сай кабинетті жабдықтау, кабинеттің ғылыми-әдістемелік, дидактикалық және материалдық-техникалық базасын жетілдіру, студенттердің білім берудің базалық және бейіндік деңгейін жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, спорт залында студенттердің сабақтан тыс дайындалатын жаттығу залы бар. Колледждің оқу ғимараты мен шеберханалары интернетке толық қосылған. Компьютерлік кабинет саны 18, LSD панельдермен және мультимедиялық стендтермен жабдықталған бөлмелер -5, интерактивті тақтасы бар аудиториялар- 6.

Барлық компьютерлер саны – 255.

Колледжде білім алушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында 3 дабыл батырмасы (1 жылжымалы, 2 стационарлық) іске қосылды.

Колледждің қауіпсіздігі мамандандырылған «Күзет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ЖШС) күзет агентінің қызметіне қосылды.

Колледжегі бейне бақылау камераларының саны:

Барлық бейне бақылау камералары – 27;

Соның ішінде ішкі камералар – 20;

Сыртқы камералар – 7.

Камерадағы бейнежазбалардың сақталуы – 1 ай.

Колледжде ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер жоқ, дегенмен кедергісіз білім алу үшін барлық жағдай жасалған, атап айтқанда: пандус, шақыру батырмасы, жабдықталған санитарлық-гигиеналық бөлме, ұтқырлықты қолдау үшін бағдарлау жүйесі, дыбыс сигнал, жарық сигнал, тактильді жолдар.

9. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі кітапханасы оқу-әдістемелік үрдісті әдебиеттер және ақпаратпен қамтамасыз етілген. Кітапхана өзінің жұмыс бағытында Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Білім туралы Заңына, кітапхана ісі жайлы құжаттарға және Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің нормативтік актілеріне сүйеніп жұмыс жасайды.

Оқырмандарға қызмет көрсету колледж кітапханасының Ережесіне сай жүргізіледі. Ережелер оқырмандарға қызмет көрсетудің жалпы тәртібін, кітапханашы мен оқырмандардың құқықтары мен міндеттерін реттейді. Кітапхана қорында көптеген салалар бойынша ғылыми және оқу әдебиеттері, оқулықтар және құралдармен қатар, қазақ, орыс және шет елдер әдебиеттері, өнер және шет тілдер бойынша кітаптар, сонымен қатар, колледжде оқитын мамандықтар бойынша мерзімді басылымдар бар. Негізгі әдебиеттерден басқа кітапханада студенттерге қажет семинарлық, практикалық сабақтарға арналған және бақылау, курстық, бітіру кезіндегі жұмыстарды орындау үшін жеткілікті басылымдар бар. Кітапхана қоры кәсіптік - білім беру бағдарламалары, оқыту жоспарларына сай жинақталады. Кітапхананың анықтамалық қоры үнемі толықтырылады және сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялық басылымдар, заң және нормативтік актілер жинақтарынан тұрады.

Кітапхананың материалдық –техникалық базасы

Кітапхана колледж ғимараттарының 4 -ші қабатында орналасқан, оқу залы 75 орындық. Кітапханада интернет желісіне қосылған 5 компьютер бар.

Жалпы кітап қоры,	205 941
Соның ішінде:	
Жалпы білім беретін пәндер бойынша	2852
Жалпы кәсіби пәндер бойынша оқулықтар	95 366
Арнайы пәндер бойынша оқулықтар	78 591
Әдістемелік әдебиет	30 344
Энциклопедиялық әдебиет, сөздіктер, анықтамалар	12 827
Көркем әдебиет	11 470
Электрондық оқулықтар	1693

Жыл сайын кітапхананың кітап қоры қажеттілігіне қарай толықтырылады. Кітап қорының толықтырылу барысы «Фолиант», «Академия» «Мектеп», «Атамұра», «Келешек», «Алматыкітап», «Көкжиек-Горизонт», «Жазушы», «Бөбек», «арман ПВ» баспа орталықтарының тізімдемелері негізінде жаңартылады.

Жыл сайын кітапхана республикалық, облыстық мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуды жүйелі жүргізеді.

Әр оқушының оқулықпен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету көрсеткіштері нормативтік талаптарға сай. Баспасөз қоры колледждің профилі негізінде кешенді баспасөз басылымдарымен жабдықталған. Бұл кешенді басылымдар студенттер мен оқытушылардың өзекті, керекті ақпараттардан хабардар болуына мүмкіндік туғызады.

Кітапхананың ақпараттық – анықтамалық жұмысы:

Әр оқу жылының басында оқырмандардың ақпараттық мәдениетін арттыруда, 1 курс студенттеріне кітапхананың кітап қорымен, анықтамалық аппаратпен таныстыру экскурсиялары өткізіледі.

Кітапханада берілетін анықтамалар түрлері: тақырыптық анықтама, мекенжай анықтамасы, фактографиялық анықтама.

Колледж студенттері өздеріне ыңғайлы уақыттарында оқу залына келіп оқу-әдістемелік, әдеби, барлық білім беру бағытындағы анықтамалық әдебиеттердің аумақты қорын пайдалануға жағдай жасалып, оқырмандар сабаққа, баяндама жазу, ғылыми-зерттеу жұмыстары, тақырыптық рефераттар жазуға іздену жұмыстарын жүргізуде жан-жақты көмек беріледі.

Кітапхананың аса маңызды жұмыстарының бірі – көпшілік-тәрбие жұмыстары. Конференциялар, семинарлар, атаулы күндерге арналған тақырыптық және ашық кітап көрмелері ұйымдастырылады; өзекті мәселелер бойынша тақырыптық папкалар жасалады, кітапхананы пайдалану ережелері туралы бірінші курс студенттері арасында әңгімелер ұйымдастырылады.

Кітап көрмелері - кітапхананың дәстүрлі жұмыстарының бірі болып есептеледі. Жаңа түсілімдердің көрмесі – үнемі өткізіліп отырады. Келушілердің жаңа басылымдармен танысуға мүмкіндіктері бар. Ашық түрде қарау жаңа әдебиеттер мен мерзімді басылымдарға еркін қол жетімді болады. Тақырыптық көрмелер – оқу үрдісіне көмек ретіндегі міндетті көрме болып табылады.

Кітапхана қызметкерлері оқу әдебиеттері мен анықтамалықтар, нормативті құжаттар сұранысына үнемі мониторинг жұмыстарын жүргізеді. Кітапхана қоры мамандықтар бойынша оқу жоспарлары бойынша жинақталады, картотека және оқырмандардың сұранысы бойынша толықтырылады. Жалпы кәсіби пәндер бойынша мемлекеттік және ресми тілдегі оқулықтар мен оқу құралдарына тапсырыс жүйелі беріледі. Прайс парақтар, жарнамалық материалдар, баспалардың жоспары уақтылы таратылады, баспа өкілдерімен кездесуге оқытушылар шақырылады.

Колледж дирекциясымен бірлескен жұмыс нәтижесінде оқушылардың кітапханалық ресурстармен қамтуы жеткілікті деңгейде деп атап өтуге болады. Кітапхананың жұмыс уақыты оқушылар үшін қолайлы, сағат 09-00 –дан 18.00-ға дейін жұмыс жасайды.

Кітапханашы Хамидуллина Әсем Серікқызы, жоғары білімді, мамандығы: кітапхана ісі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, 2021ж, еңбек өтілі-4 жыл.

10. КӘСІПТІК ПРАКТИКА

Оқу және өндірістік тәжірибелер ҚР МЖБС оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Өндірістік және оқу тәжірибелері көлемі мен мерзімі мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарына және оқу процесінің графигіне сәйкес өткізіледі. Өндірістік оқыту оқу шеберханасында өткізіліп отырады. Жалпы өндірістік практика және бітіруші топтарға диплом алды практика колледжбен келісімшарт жасасқан өндірістік мекеме базасында машықтан өтеді.

Өндірістік сабақтарын өткізу үшін оқу жылының басында әр мамандық бойынша өндірісте оқу шеберлері білім беру ұйымының бұйрығымен бекітіледі.

Практиканың барлық түрі Мемлекеттік стандарттарға, оқу жұмыс жоспарларына сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына сәйкес және оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүргізіліп келеді.

Өндірістік оқыту шеберлері мамандық бойынша кәсіптік тәжірибеге арналған оқу бағдарламаларын дайындайды. Барлық бағдарламалар әдістемелік бірлестікте қаралып, бекітіледі. 2022 – 2023 оқу жылынан оқу бағдарламалары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес құрылып, пәндік циклдық кеңесте бағдарламаның мазмұны келісілді және ұйым басшысымен бекітілді.

Ағымдағы оқу жылында оқу өндірістік практикадан өтетін топтардың практикасы колледж оқу шеберханада болуына байланысты оқу өндірістік сабақтары кіші топқа бөліну арқылы өткізілуде.

Оқу практикасы аяқталғаннан кейін білім алушыларға ҚР Білім және ғылым министрінің № 125 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес емтихандардың негізінде баға қойылды.

Колледж білім алушыларының оқу практикаларын орындау есебі ҚР БжҒМ 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (2020 жылға дейінгі ((ҚР БжҒМ 06.04.2020ж. №130 бұйрығы) бекітілген Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанына сәйкес өндірістік оқыту есебінің журналында тіркелініп, жартыжылдық және жылдық қорытындылары шығарылды.

Аталынған қағиданың 3-тарауы, 36-тармағына сәйкес колледж білім алушыларының кәсіптік практикасына өтулері үшін өндірістік базалармен шарттары кәсіптік практика басталуынан бір ай бұрын жасалынып, қағиданың 1-қосымшасына сәйкес кәсіптік практикаға жолдама берілді. Практика аяқталысымен 2-қосымшасына сәйкес кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есеп жасалынды.

Тәжірибеден өту кезеңінде білім алушыға оның атқарған жұмыстары бойынша кәсіпорын басшылары құжаттамалар қатарында пікір-мінездемелер берді. Мінездемеде

практиканттың кәсіби мүмкіндігі, жаңа бағдарламалар мен құжаттарды игеру мүмкіндігі, жалпы жұмысқа қабілеттілігі туралы деректер келтілді.

Сараманның басқарылуы мен сараман базасын бақылау жүйелі түрде жүру үшін келесідей шаралар жүзеге асты:

- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау;
- Сараман өту бойынша нұсқаулар;
- Сараман құжаттамасын таныстыру;
- Сараманнан өту барысында тексеру АКТ-ін жасау

Өндірістік сараманға дейін бір апта бұрын өндірістік оқыту шеберлерімен жиналыс өткізіліп, кәсіптік сараманның өту барысы талқыланды.

Практиканың қорытындысы бойынша оқушылардың көпшілігі бағдарламаны толықтай орындап, теорияда алған білімдерін жетілдіріп, мамандықтарына сай тәжірибе жинақтады.

2017-2018 жылы оқу практикасын 120 білім алушы меңгеріп, барлық түлек кәсіптік практикаға жолдама алған. Кәсіптік практика аяқталысымен біліктілік емтихандарын тапсырып 45 адам «5» бағасын, 50 адам «4» бағасын, 25 адам «3» бағасын, Үлгерім көрсеткіші 100%, білім сапасы 85% құрады. (кесте 10.1).

2018-2019 жылы оқу практикасынан 321 білім алушы өтіп, барлығына да кәсіптік практикаға жолдама берілген. Кәсіптік практика аяқталысымен біліктілік емтихандарын тапсырып 172 адам «5» бағасын, 102 адам «4» бағасын, 47 адам «3» бағасын. Үлгерім көрсеткіші 100%, білім сапасы 88,3% құрады.

2019-2020 жылы оқу практикасынан 131 білім алушы өтіп, барлығына да кәсіптік практикаға жолдама берілді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID – 19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы №20 қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2020 жылғы 16 наурыздағы №1 және 2020 жылғы 17 наурыздағы №2 хаттамасын орындау үшін 2020 жылдың 16 наурызынан бастап кәсіптік практика колледж басшысының бұйрығымен онлайн форматына ауыстырылды. Кәсіптік практиканы кәсіпкерлердің жұмысының тоқтатылуына байланысты өндірістік оқыту шеберлері де collegeSmartnation онлайн платформасы арқылы бекітілген графикке сәйкес өткізді. Онлайн практика аяқталысымен біліктілік емтихандарын оффлайн форматында тапсырды, 98 адам «5» бағасын, 127 адам «4» бағасын, 60 адам «3» бағасын алды, Үлгерім көрсеткіші 100%, білім сапасы 86,46% құрады.


2020-2021 оқу жылында карантиндік шектеулер алынып 283 білім алушының барлығы өндіріс базаларында кәсіптік практикадан өтті. Практика аяқталысымен әлеуметтік серіктестермен бірігіп колледж базасында біліктілік емтиханы ұйымдастырылды. Барлық 283 білім алушы қатысып 98,85% үлгерім көрсеткішін көрсетті. Соның ішінде 167 адам «5», 79 адам «4», 37 адам «3» бағасына ие болып, білім сапасын 84,39% көрсетті.

2021-2022 оқу жылында карантиндік шектеулер алынып 322 білім алушының барлығы өндіріс базаларында кәсіптік практикадан өтті. Практика аяқталысымен әлеуметтік серіктестермен бірігіп колледж базасында біліктілік емтиханы ұйымдастырылды. Барлық 322 білім алушы қатысып 100% үлгерім көрсеткішін көрсетті. Соның ішінде 201 адам «5», 88 адам «4», 33 адам «3» бағасына ие болып, 100% білім сапасын 85,96% көрсетті.

Өндірістік оқытудың және практиканың қорытындысы

Оқу жылы	Оқушы саны	Бағасы				Үлгерім көрсеткіші %	Білім сапасы %
		5	4	3	а/ж		
2017-2018ж.ж.	120	45	50	25		100	85%

2018-2019ж.ж.	321	172	102	47		100	88,32%
2019-2020ж.ж.	285	98	127	60		100	86,46%
2020-2021ж.ж.	283	167	79	37		100	91,33%
2021-2022 ж.ж.	322	201	88	33		100	85,96%



Жыл сайын білім алушыларыдың (3 курс студенттері) басым көпшілігі төменде көрсетілген мекемелерде жалпы өндірістік практикадан және диплом алды практикадан өтіп өз біліктіліктерін шыңдайды. Сонымен қатар өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары өндірістік тағылымдамадан өтіп тәжірибе жинақтап отырады.

Мысалға: ЖШС "Орал трансформатор зауыты", ЖШС «IT Group Kazakhstan», ЖШС «ЗКМК», ЖШС «Сана Маркет», ЖШС «Bekgroup», ЖШС «Альтаир», ЖШС «Жиенбай», ЖШС «Болашак Т», «БанкЦентрКредит» АҚ, «KazTransCom» АҚ, «Транстелеком»АҚ, ЖШС «Akzhaik Education» т.б және сонымен қатар көптеген ЖК мекемелерден де өндірістік практикадан өтеді.

Аталған мекемелерге саяхаттар ұйымдастырылып, қорытындысы бойынша есеп жазылып, оқушылардың белсенділігі бағаланады.

Дуалды оқыту жүйесі – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Әсіресе оның кәсіптік-техникалық білім берудегі алатын орны ерекше. Мұнда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

«Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес өндірістік оқу немесе кәсіптік практика өткізу үшін «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы» үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес дуальды

оқыту туралы «Білім беру ұйымы», «Білім алушы», «Кәсіпкер» арасында 3 жақтық келісім шарттар жасалынған.

Қазіргі кезде еліміздегі еңбек нарығында білікті мамандар тапшылығы байқалып отыр. Сондықтан қалыптасқан жағдайда білім беруді тек теориялық тұрғыдан ұйымдастыру жеткіліксіз, яғни жас маманның өндірістік машықтанудан толық кәсіптік деңгейге шығуына жағдай жасау өзекті мәселе.

Осы мақсатты орындауда біздің колледжіміздің «Банк және сақтандыру ісі» және «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша «БанкЦентрКредит» АҚ (24 студент) және «IT Group» ЖШС (54 студент) мекемелерімен оқытудың дуалды жүйесін енгізу мақсатында келісімшартқа отырдық. Басқа мекемелер бойынша да келісімшарттар жасалды. 2021-2022 оқу жылында дуалды оқыту бойынша 25 студент бітіріп шықты.

Түлектер үшін дуалды оқыту-бұл тәуелсіз болу және ересек өмірге бейімделу мүмкіндігі. Оқу кезінде оларға жұмысы үшін ақы төленеді, ал бітіргеннен кейін олар жақсы дайындалған жұмысқа орналасады. Кәсіпорын үшін – персоналды өзі дайында, қызметкерлерді іздеу және іріктеу, оларды қайта даярлау және бейімдеу шығындарын азайту.

11. КОЛЛЕДЖДІҢ БІТІРУШІЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУІ

Колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін бірқатар шаралар жүзеге асырылады: Кәсіпорын басшыларымен кездесу, мекемелердің тапсырысы бойынша алдын -ала байқаулық іріктеу жасау, бос орындар жәрмеңкесін өткізу, бітіруші түлектерді мекеме сұранысы бойынша жолдамамен жұмысқа орналастыру, түлектерді бос орындардың қалалық жәрмеңкесіне қатынастыру т.б.

Халықаралық цифрлық технологиялар, сәулет және құқық колледжін бітірген контингент туралы

	2019	2020	2021	2022
9 сынып негізінде	69	102	125	249
11 сынып негізінде	252	183	158	61
ТИПО	0	0	0	12
Барлығы	321	285	283	322

Колледжде бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу төмендегі бағыттарда жүреді:


- алдын ала дайындық, талдау жұмыстарының нәтижесінде түрлі мекемелер мен ұжымдарға бірлесе жұмыс жасау мақсатында келісім шарт жасау үшін ұсыныс-хат жіберіледі.
- колледж және университет мамандықтары бойынша мамандар қажет мекемелер мен ұйымдармен университет атынан келісім шарт жасасу;
- жасалған келісім шарт негізінде жұмыстану;
- жұмысқа орналастыру мүмкіндігі бар мекемелер мен ұжымдарға оқушыларды өндірістік практикаға жіберу;
- оқушыларға орыс, қазақ, ағылшын тілінде түйіндеме жасауға көмектесу;
- бітірушілермен кездесу, семинар-тренинг, ашық есік күнін өткізу;
- еңбекке орналастыру орталықтарымен бірігіп қызмет жасау;
- бітіруші түлектер жұмысқа орналасқан мекемелер мен ұжымдармен байланыс орнату;

Жұмыс берушілер қатысуымен өтетін «Бітірушілер жәрмеңкесін» өткізу дәстүрге айналды. Жәрмеңкенің мақсаты жұмыс беруші мен түлектің кездесуін ұйымдастыру, болашақ жұмыскерлердің түйіндемелерінен ақпараттар қорын жинақтау, жұмыс беруші компаниялар,

оның қызметі, жұмыскерлерге қойылатын талаптар жайлы презентация жасау және ақпараттар беру.

Оқу жылдары бойынша жұмысқа орналасқан түлектер саны

Оқу жылы	Барлық бітірушілер	Жұмысқа орналасқандар	%
2018-2019ж.ж.	321	258	80
2019-2020ж.ж.	285	180	63
2020-2021ж.ж.	283	184	85
2021-2022 ж.ж.	322	181	60



Колледжде кәсіптік бағдар жұмыстарының тиімділігін арттыру және жұмыс берушілермен байланыс аясын кеңейтуге мүмкіндік беретін деректер банкі жасалған. Түлектер туралы негізгі деректер олар бітірген соң компьютерлік базаға тіркеледі, кейін бұл деректер түлектермен кездесу, біздің түлектер жұмыс жасайтын оқу орындармен қатынас жасау кездерінде жаңартылып отырады.

Колледж және жұмыс берушілердің өзара бірлесіп жұмыс жасаудың перспективалық түрі болып кейіннен жұмысқа орналасу мүмкіндігі болатын өнеркәсіпте өндірістік практика өткізу болып саналады.

Жұмыс берушілермен кері байланыс жүйесі жұмыс жасайды. Ол жас мамандардың даярлық деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу арқылы және басшылармен әңгімелесу арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс берушілерге жүргізілген сауалнама нәтижелері түлектердің дайындығының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Бітіруші түлектердің жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін жоғарылату мақсатында кешенді тестілеу өткізілетін пәндерден қосымша сабақ ұйымдастырылады. Сонымен қатар бітірушілермен факультатив сабақтар есебінен ұйымдастырылатын кәсіптік ағылшын тілі сабақтарының да пайдасы зор.

12. ҚОРЫТЫНДЫ

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау қорытындылары есебі бойынша оқу-тәрбие үрдістерін жетілдіру, жан жақты күзінеттілігі жоғары бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, кадр әлеуетін көтеру, оқытудың жаңа технологияларын пайдалану т.б бағытында елеулі жұмыстар атқарылды.

Колледжінің материалды-техникалық және басқа да базасын пайдалану және құрылымдық бөлімшесі болуы оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға, жалпы әлеуметтік-мәдени және ғылыми-ақпараттық байланысқа, оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға мүмкіндік берді.

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің қызметіне өзіндік бағалау қорытындысы бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді:

- Колледжінің материалды – техникалық базасын заман талаптарына сәйкес жаңғыртуды жүзеге асыру;
- Жаңа мамандықтар атласына сәйкес «Перифериялық есептеу сәулетшісі» мамандығын ашу үшін лицензия алу жұмысын қолға алу;
- Дуалды оқыту бойынша әлеуметтік серіктестермен жұмысты күшейту;
- Құзыреттілік орталықтағы замануи технологияның көмегімен ақылы қызметтерді жүзеге асыруды жолға қою.

Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжінің педагогикалық кеңесінде (хаттама №2 30.09.2022 ж.) және қамқоршылық кеңесінде (хаттама №1, 28.09.2022 ж.) колледж директоры А.Т.Буранова мемлекеттік аттестаттау алдында колледжінің өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмысының қорытындыларымен таныстырып, есеп берді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес, Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқық колледжі 2022 жылдың қараша айында мемлекеттік аттестаттаудан өтуге дайын.

Колледж директоры



А.Т.Буранова